Үйлер жайлы балаларға суреттер көрсетемін.Үй үлгісін көрсетіп үйдің бөліктерінің қандай пішіндерге ұқсайды деп сұраймын.Содан соң күзде далада күн салқындаған соң құстардың тоңатынын айтып біз сол құстарға үйшіктер жасай аламыз ба деп сұрап.Тәрбиешінің көрсетуімен қиып желімдеп жасауды меңгереміз.

**Үйдің есігі жабайық дамытушы ойындар**

**Шарты:**Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттытыру.Ойлау қабілетін дамыту.

**Сергіту сәтті.**

Орнымыздан тұрамыз?

Қолды белге қоямыз?

Бұрыламыз оңға бір.

Бұрыламыз солға бір,

Біздер тату боламыз.

Гүл-гүл жайнап өсеміз

Жарайсыңдар балалар ойынды да сергітуді жақсы жасадыңдар.

Балалардың жасаған жұмыстарын бағалап мақтап мадақтаймын.

Тексерілді
21.09.2021ж

21.09.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Бір қазан сүт»

**Мақсаты:** «Бір қазан сүт» ертегісімен таныстыру, оны айтып беру дағдыларын қалыптастыру

**Ресурстары:** Қасық театры ертегі желісі бойынша

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелесу

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Қол ұстасып қане біз

Достасайық бәріміз

Шуақ төксін күн бізге

Тез тұрайық шеңберге

**Негізгі бөлім:** Шаттық шеңберден соң балаларды өзімнің айналама отырғызып, ата мен әже әкеліп берген сандықты ашып, ертегі кітабын алып алып балаларға « Бір қазан сүт» ертегісін айтып оқып беремін. Сосын сұрақ жауап алу арқылы ертегі мазмұнын балалардан сұраймын.

Содан кейін балаларға әже, әкелген қоржын ішінен осы ертегі кейіпкерлерінің қасық театрын алдыртамын, балалар қолдарына алып оны тамашалайды.

Балаларға қасық театрдегі «Бір қазан сүт» кейіпкерлерінің қасық театрынбөліп алып ертегіні рөльдерге еніп, ойнауды ұсынамын. Өзім автор болып, ертегіні бастаймын. Бірнеше бала кейіпкерлер рөлінде ойнайды, басқа балалар көрермен болып ертегіні тамашалайды.

**Дидактикалық ойын:** «Дауысын танып, ата»

**Қорытынды бөлім:** Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
23.09.2021ж

**23.09.2021**

## **Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Алма ағашы».

**Мақсаты:** Ағаш түрлерімен таныстыру,соның ішіндегі алма ағашымен таныстыру,алма ағашы,алма салатынын айтып түсіндіру.

**Ресурстары:** Алма ағашының суреті.

**Шаттық шеңбер.**

Достарым көп бақшада

Көңілдіміз бақшада

Достықты біз сүйеміз

Бірге күліп жүреміз

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз

Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

Алма,алмұрт,қара өрік жеміс ,жижектердің барлығы дерлік піседі.

Ендеше бүгінгі жаңа тақырыбымыз «Алма ағашы» деп аталады.

Балалар алма ағашына көп күтім керек бағбаншы немесе ата-аналарымыз осы алма ағашына көптеген күтіммен қарайды.

Балалар күтім деп жеміс талдарға уақытылы қарап,түбін қобсытып,су құйып,шөбін тазартып тұру.Алма ағашының жемісі алма салады алма дәмді,доңгелек пішінді болады.

Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр ал сендер оның шешімін айтып көріңдер.

Бұтағында азығы

Ортасында азығы (алма)

-Кім алманың дәмін айтады?

-Дәмі тәтті

-Пішіні қандай екен?

-Домалақ

-Алманың түсі қандай болады?

-Жасыл,сары,қызғылт

Ендеше балалар шығармашылық орталыққа барып алманың бейнесін мүсіндейміз

Балалардың жұмыстарын бағалап,жақсы шыққан жұмыстарды мақтап,мадақтау.

Тексерілді
28.09.2021ж

28.09.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Шалқан»

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын естеріне түсіріп, ертегі кейіпкерлерінің арасындағы қамқорлық сезімдерін ұғындыру.

**Ресурстары:** «Шалқан» ертегісіндегі кейіпкерлер бейнеленген қуыршақ театры, суреттер.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелесу

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Қол ұстасып қане біз

Достасайық бәріміз

Шуақ төксін күн бізге

Тез тұрайық шеңберге

**Негізгі бөлім:** Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп - үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.

Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды. Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды. Немере қызы итін шақырады.

Ит қыздың етег інен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды. Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта - тарта ақыры шалқанды суырып шығарады. Бәрі қуанып «Біріккен жүк жеңіл болады» демекші бәрі « мәз болып, шалқанды бөліп, пісіріп жейді

**Қорытынды:** Балалардан қандай ертегімен және ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап, алған білімдерін бағалап мақтап, мадақтаймын.

Тексерілді
13.09.2021ж

30.09.2021.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Менің бөлмемдегі өсімдіктер».

**Мақсаты:**Балаларға бөлме гүлдерінің ерекшіліктерін түсіндіру оларға күтім жасауға дағдыландыру,еңбекке баулу.

**Ресурстары:**Бөлме гүлдері алуан түрлі гүлдердің суреттері.

**Шаттық шеңбер.**

Алақанды ашайық

Күннің шуағын алайық

Жүрекке жылуын сыйлайық

Жиналған жылу шуақты

Досымызға сыйлайық

Ал балалар сендер гүл туралы не білесіңдер?

Гүл-бізге сұлулық сыйлайды

Гүл-бізге таза ауа береді

Гүл- біздің көңіл күйімізді жақсартып бізге қуаныш сыйлайды.

Ия балалар дұрыс айтасыңдар гүлдер бізге қуаныш сыйлайды,көңіл күйімізді көтереді.

Балалар бүгін жаңа тақырыбымыз «Менің бөлмедегі өсімдіктер» тақырыбында өтеміз.Балалар бөлме өсімдіктері деп бөлмедегі гүлдерді айтамыз.Бөлме гүлдері көп деген күтімді қажет етеді.Гүлдерге күтім жасаған сайын гүлдер әсемдене түседі.Балалар бүгін қол еңбегіміз бөлме гүлдеріне күтім жасау болады.Балаларды табиғат бұрышына апарып гүлдерге қамқор болу жолдарын көрсетіп түсіндіремін.Гүлдерге су құю,түбін қопсыту,жапырақтарын шаңнан сүртіп тазалау.Гүлдерге күтім жасау жолдарын көрсетіп балаларға еңбекке баулу.

Сергіту сәті.

Біз гүлдерше өсеміз

Жапырағы жайқалған

Сабақтары саласы

Желге ырғалып шайқалған

Дидақтикалық ойын: «Не қажет?»

Шарты: үстел үстіндегі көптеген заттардың арасынан гүлдің әдемі болып өсуі үшін не қажет екенін көрсетіп атап шығу(еүтіп сұқұйғыш,күн ауа).Балалардан сұрап бүгінгі оқу қызметіне жақсы атсалысқан балаларға мақтап,мадақтау.

Тексерілді
05.10.2021ж

05.10.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Алтын сақа»

**Мақсаты:** Ата мен әженің әңгімесін тыңдау мен адамдарның сезімі, қарым-қатынасын көріп, қайталап көреді.

**Ресурстары:** Суреттер, ертегі желісі бойынша сурет.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелесу

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Қол ұстасып қане біз

Достасайық бәріміз

Шуақ төксін күн бізге

Тез тұрайық шеңберге-деп жинап бір-біріне жақсы тілектер айтқызу.

**Негізгі бөлім:** Балаларға ауылдан топқа қонаққа Ата мен Жәмилә апа келе жатқанын хабарлаймын. Балалармен қонақ күтуге дайындаламыз. Сол сәтте есік қағылып Асан ата мен Жәмилә апа кіреді. Балалар амандасады. Ұл балалар олардың жүгін алып ноутбук, қоржын сандықты ортаға қояды. Қыздар төрге шығарып көрпеше салып құрметпен отырғызады. Ата мен әженің қалін сұрап балаларға ертегі айтып беруін сұраймын. Жәмилә апа «Алтын сақа» ертегісін ноутбуктен көрсете алатынын айтады. Балалармен бірге « Алтын сақа» ертегісін тамашалаймыз. Ата болса ертегіні көрсетіп болған соң ертегідегі кейіпкерлердің өжеттігі мен батырлығын айтып, балаларға солар сияқты мықты болыңдар деп айтады. Жәмилә апа ертегіні балаларға айтып береді.

Ерте, ерте, ертеде Ақжайықтың жағасында бір бай өмір сүріпті. Сол бай бір елден екінші елге көшіп жатып, жалмауыз кемпірге тап болыпты жалмауыз кемпір байды жемекші болады. Бай болса оған жалынып бұл жерден көшіп кететінін айтып жалынады. Ертегі желісін толықтырып айтып беремін.

**Қорытынды:** Ертегі мазмұнын сұраймын. Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
07.10.2021ж

07.10.2021

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Көбелектер бағы».

**Мақсаты:**Көбелек түрлерімен таныстыру.Еңбекке баулу.

**Ресурстары:**Суреттер.

Балаларға жаз тақырыппен таныстыру «Көбелектер бағы».

Балаларды шеңбер бойына тұрғызып бір-бірімен көбелектерді ұсыну арқылы жылы лебіздерін білдіреді.

Мысалы:Елдар сен батыр баласың.

Еркеайым сүйкімді қызсың

Аяна сен мейірімді қызсың т.б.

Балаларға алдын ала дайындалған ресурстармен таныстыру .Балаларға шығармашылық орталығына алып бару.Тәрбиеші көмегімен көбелек бейнесін қағаздан жасауды үйрету.Бүктеуді қиюдытәсілдерін пайдалана отырып балалардың шығармашылығын арттыру.

Ойын: «Ұшты ұшты».

Тәрбиешінің көмегімен жүргізілетін ойын

Шарты:Тәрбиеші зат немесе құстың атын айтқанда балалар дұрыс жауапты қолдарын көтеру арқылы айтып көрсетеді.

-Ұшты,ұшты-қарлығаш ұшты (қол көтереді)

-Ұшты,ұшты-сағат ұшты(қол көтермейді)

-Ұшты,ұшты-көгершін ұшты(қол көтереді)

-Ұшты,ұшты-қалам ұшты(қол көтермейді)

Ойын осылай жалғаса береді.

Белсенеді балаларды мақтау,марапаттау,ынталандыру.

Тексерілді
12.10.2021ж

12.10.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Жеті лақ»

**Мақсаты:** Ертегі сюжеттері бойынша ертегіні айту ертегі желісін ретімен әңгімелеу. Ертегіні мұқият тыңдай білуге баулу.

**Ресурстары:** қасқыр мен жеті лақ үстел үсті театры. Сол ертегідегі кейіпкерлердің суреттері.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелесу

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Ерте тұрып күнде мен,
Терезені ашамын.
Сәлем деймін Күнге мен,
Шаттық сәнге басамын.
-Қайырлы таң, Аташым,
Деймін келіп атама.
-Қайырлы таң, Апашым,
Деймін келіп апама.
Сәлем –сөздің анасы,
Әдепті елдің баласы,
Алыстан сәлем береді.

**Негізгі бөлім:** Балаларды айналдыра отырғызып ата мен әже берген сандықты ашып «Қасқыр мен жеті лақ» ертегі кітабын алып балаларға ертегіні оқып беремін. Содан кейін балаларға үстел үсті театры арқылы сомдап көрсетіп, соны балаларға ертегі кейіпкерлерін рольдерін бөліп үстел үсті театры арқылы ертегіні драммалауды ұсынамын.

**Ойын түрі:** « Егер мен ............ болсам»

**Шарты:** Балалар таныс ертегі кейіпкерлерінің маскасын киіп, егер сен ....... болсаң деп рольді ойнатамын.

**Қорытынды:** Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
14.10.2021ж

14.10.2021

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Үйеңкі жапырақтарынан тырналар».

**Мақсаты:**Балаларды ұқыптылыққа үйрету жапырақтардан тырналар бейнесін жасау алады.Ептілікке жылдамдылыққа дағдыландыру

**Ресурстары:**Жапырақтар,үлгі жұмыстар

**Шаттық шеңбер**

Дөңгелек тұрамыз

Шеңберді біз құрамыз

Бір-бірімізбен дос болып

Шаттықты біз құрамыз.

Балалар бүгінгі тақырыбимыз «Үйеңкі жапырақтарынан тырналар» жасау.

Балалар кәзір күз мезгілі болғандықтан күзде тырналар жылы жаққа ұшып кетеді.

Енді біз тырналар бейнесін жасап көреміз кімде жақсы жұмыс болады екен .

Әр баланың жұмыстар көріп көмек беру арқылы жұмыстарына ынталандыру.

Балалар сендер барынша ұқсастырып тырыстыңдар үйткені қанаттарын жасап қатар түзеп ұшырта алдыңдар.

**Тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ұшты-ұшты»**

**Шарты:**Балалар шеңбер бойымен тұрып ойын шартымен толық танысады.

-Ұшты,ұшты-қарлығаш ұшты (қол көтереді)

-Ұшты,ұшты-көгершін ұшты(қол көтереді)

-Ұшты,ұшты-қалам ұшты(қол көтермейді)

Белсенеді балаларды мақтау,марапаттау,ынталандыру.

Тексерілді
19.10.2021ж

19.10.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Жыл мезгілдері»

**Мақсаты:** Көркем шығармаларды түрлі өмірлік жағдаяттар мазмұнын түсініп айтып беруін дамыту

**Ресурстары:** Жыл мезгілдерінің суреттері.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру

**Кіріспе бөлім:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі деп сұрап шаттық шеңберін жасатамын.

**Негізгі бөлім:** Сендерге осы жыл мезгілдері туралы ертегі айтып беремін

Жыл мезгілдері (Ертегі)

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде. Ақ жайықтың жағасында еліне елеулі, халқына қалаулы, бір домалақ ана өмір сүріпті. Сол анадан тараған төрт қыз бар екен. Олардың ауыз десе аузы, күндей жарқыраған көзі бар. Дүниенің сұлулығын өздеріне дарытқан сұлу қыздары болыпты. Анасы жақсы тәрбие беріпті, Үлкен қызының аты «Көктем». Ол ақ жарқын, мінезі нәзік. Екінші қыз «Жаз» жарқырап, жайдарлы, әр уақытта күлімдеп, нұрын шашып жүреді. Үшінші қызы «Күз» басқа қыздарға қарағанда жылауық, жаңбырлы болады, бірақ қолы ашық мырза екен. Ал кіші қызы «Қыс» басқа қыздарына қарағанда салқын, қаталдау.

Қыздары бой жетіп, саналы да салмақты қыз болып өсіпті. Осы қыздарын домалақ ана өздерінің құтты орындарына қондырыпты. Үлкен қызы арыстай үш ұл туып, үшеуі де ел қорғаған батыр болыпты. Екінші қызы үш қыз туып үшеуі де адамзатқа жан жылуын сыйлай білетін мейірімді қыздар атаныпты. Үшінші қызы жаздай жайдарлы үш қызды дүниеге әкеліпті. Төртінші қызы берекесі мен ырысы мол, қолдары ашық, келген қонақты қадір тұтатын, қонақжай үш қыз өсіріпті.

Осы төрт қыздан өрбіген ұрпақтары елге, халыққа пайдасын тигізіп, ел аузында аттары аңызға айналыпты. Олар жылдың төрт мезгілі мен он екі айы екен.

**Қорытынды**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
21.10.2021ж

21.10.2021

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Кеме жасау».

**Мақсаты:**Балаларға қағаздан кеме жасауды үйрету,ұқыптылыққа ,шапшаңдылыққа баулу.

**Ресурстары:**Үлгі жұмыстар,қағаздан жасалған кеме үлгі

**Шаттық шеңбер.**

Дөңгелене тұрамыз

Керегені құрамыз

Уық болып иіліп

Киіз үйді құрамыз.

Кіріспе бөлім:Балалар біз кемені су көлікгі дейміз.

Жүк тасмалау көлігі дейміз кемені.

Әр түрлі түрі көп.Біз енді қағаздан кеме үлгісін жасаймыз.

Кемені жасап ұқыптылыққа шапшаңдылыққа қараймыз.Кімде кім жұмысы жақсы шықса сол жұмысты үлгі тақтаға қойып аналарымызға қоятын боламызға

Сергіту:Жасай жасай қолымыз

Талып кетті көзіміз

1 2 3

Жинап алып күш

Құрымдалған ойын:Кеме құрастыру

Балаларға кеспе қағаздан кеме бейнесін құрастыру

Ұқыптылыққа баулу.

Балалардың әр жұмыстарын бағалап,әр балаға сұрақ жауап арқылы кері байланыс жасау.

Қорытындылау:

Белсенді қатысқан балаларды мақтап,марапаттау,ынталандыру.

Тексерілді
26.10.2021ж

26.10.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Ырыс жайлы аңыз»

**Мақсаты:** Ертегі сюжеті бойынша ертегіні айту. Ертегіні мұқият тыңдай білуге үйрету.

**Ресурстары:** Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім:** Достарым көп бақшада
Көңілдімін бақшада
Достықты біз сүйеміз
Бірге күліп жүреміз

**Негізгі бөлім:** Шаттық шеңберінен кейін балаларды айналама отырғызып. Әже мен Ата әкеп берген сандықтағы кітапты алып «Ырыс жайлы аңыз» ертегісін оқып беремін.

Баяғыда бір жолаушы жолаушылап келе жатып шағын бір ауылға түсіпті. Ауылдың сыйлы кісінің үйіне дәл түскен екен, ол да жолынан жығылмай қонағын жік - жапар болып күтіп алыпты. Түннің бір уағында қонақ иттің ұлығанынан оянып кетіпті. Бұл қонақ жәй қонақ емес еді. Жер бетіндегі жан - жануардың тілін меңгерген ғалым адам болатын.

– Қонақтың атын жеймін! – Ауыл сыртынан ұлыған қасқырдың дегеніне, үй иесінің иті:

– Қонағымның атын жер болсаң сені адамдарға ұстап беремін – деп жауап қатып тұр екен. Қасқыр болса:

– Бұл ауылды таң ата жау шабады – деп тайып тұрыпты.

Қонақ үй иесін оятып, дереу ауылдың көшуін сұрапты. Ауылды көшіріп болған соң, ертесіне ескі жұртқа келсе көнбей қалып қойған екі үйдің шаңырағы ортасына түсіп жатыр екен.

Бұйымтайын сұраған үй иесіне:

– Маған анау қара тоқтыны сойып, етін түгелдей асып беріңіздер. Тек бір шартым бар еттен менен бұрын ешкім ауыз тимесін, - депті.

Ауылдың бір жігіті тоқтыны әп-сәтте сойып тастайды. Бәйбіше етті толығымен қазанға салып асып енді әкеле бергенде үй иесінің ерке ұлы жүгіріп өтіп бара жатып бастың құйқасынан жұлып жеп үлгеріпті. Ет үстінде ауыл иесі:

– Қадірлі қонағым, сен кеше ауылды ажалдан аман алып қалдың, сырыңды айтшы, - депті. Сонда қонақ:

– Сізге ырыс қонған екен, сол ырысыңыз ауылды асырап отыр. Ырысыңыздың иесі итіңіз екенін сездім, соны қалаймын - ау деп ойлағаным сол еді, итіңіз туырлықты иіскеп ырыс туырлыққа ауысты. Туырлықты қалайын деп отырғанымда, оған тоқты сүйкенді. Сол тоқтының етін жеп ырысты болайын деп ойлаған едім, оны мына балаңыз бірінші жеп үлгерді. Құдайдың оң назары түскен пендесі екенсіз – деп сөзін аяқтапты қонақ.

**Қорытынды бөлім:** Ертегі не туралы екенін сұрау қандай кейіпкерімен танысқанын сұрау.

Тексерілді
28.10.2021ж

28.10.2021

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Кеме жасау».

**Мақсаты:**Қағаздан кеме жасауды үйрету қызығушылықтарын арттыру.

**Ресурстары:**Үлгі кеме суреттер

**Кіріспе бөлім:**

Балаларға тақтаға ілінген кеме суретімен таныстыру кеме су көлігі жүк тасмалдайтын көлік түрі .Бүгінгі жаңа тақырыбымыз Кеме жасау .Енді біз қағаздан бүктеу арқылы кеме үлгісін жасаймыз.Балалар кеме жасау үшін ұқыпты болуымыз керек.Кімде кімнің жұмысы накты әрі әдемі шықса сол баланың жұмысын үлгі тақтаға іліп қоямыз.

Тәрбиеші жетекшісімен ойы.: «Ұшты-ұшты»

Шарты:Шеңбер бойына тұрып шартымен танысамыз ұшатын болса қолды көтереміз ұшпайтын зат болса қолды төмен түсіреміз

-Ұшты,ұшты-карлығаш ұшты (қол көтереді)

-Ұшты,ұшты-көгершін ұшты(қол көтереді)

-Ұшты,ұшты-калам ұшты(қол көтермейді)

-Ұшты,ұшты-кеме ұшты (қол көтермейді)

Ойын 4-5 рет қайталап ойналады.

Қорытынды:Бүгінгі қағаздан жасаған кемеміз ұнады ма?

-Ұнады.

Жарайсыңдар балалар бүгінгі жұмыстарың маған өте ұнады бұдан былай дәл осылай белсенді боласыңдар деген ұмыттемін.

Белсенеді балаларды мақтау,марапаттау,ынталандыру.

Тексерілді
02.11.2021

02.11.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Алып қара құс- Самұрық»

**Мақсаты:** Балаларға ертегі мазмұнын айтып беру. Ертегі кейіпкерлерінің достық, қамқорлық сезімдерін ұғындыру

**Ресурстары:** Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім:** Достарым көп бақшада

Көңілдімін бақшада

Достықты біз сүйеміз

Бірге күліп жүреміз-деп балаларға жақсы тілектер айтқызып,айналдыра отырғызып ертегісін көрсетемін, мұқият тыңдауға жағдай жасаймын

**Негізгі бөлім:** Балаларға арнайы теледидардан «Алып қара құс-Самұрық» ертегісін көрсетемін.

Ертегіні көріп болғаннан кейін балалардан ертегідегі кейіпкерлерді сұраймын. Үш ағайынды Асан, Үсен, Хасанның қайсысы ақылды бала екенін сұраймын. Ертегіде қандай құсты іздеп тапқанын ол құстың аты не екенін айтады. Хасан кімнің қызына үйленгенін ертегі қалай аяқталғаны туралы әңгімелеймін.

**Қорытынды бөлім:** Балалар ертегі желісімен танысады. Ертегідегі жағымды – жағымсыз, кейіпкерлерді атайды. Ертегіні мұқият тыңдайды.

Тексерілді
04.11.2021ж
[signature]

04.11.2021.

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Дала немесе түйе».

**Мақсаты:**Дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып оны әсем етіп дала немесе түйенің бейнесін жасау.Балаларға жануарлар жайлы айтып соның ішінде түйе жануарының суға өтте төзімді жануар екенін айтып өтемін,балаларды ұқыптылық пен шыдамдылыққа баулу.

**Ресурстары:**Түйенің үлгі жұмысы,түрлі түсті қағаз ,желім,қайшы,ойыншық түйе.

**Шаттық шеңбер.**

Достарым көп бақшада

Көңілдіміз бақшада

Достықты біз сүйеміз

Бірге күліп жүреміз.

Балалар ертеңгісін көзімізді ашып терезеге қарасақ нені көреміз?

Егер күн жарқырап нұрын шашып тұрса қалай қуанамыз.Олай болса бүгінгі күнге табиғатқа жылы лебізімізді білдіреикші.Ия балалар әрбір атқан таңымызға келген жаңа күнімізге ждеткенімізге қуанамыз.Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын ал сендер ойланып шешуін табуға тырысыңдар.

Жұмбақ:Кезекті бір жануар

Үстінде үлкен екі тауы бар (Түйе)

Ия балалар бұл үй жануары түйе екен.Ендеше балалар бүгін біз осы дала немесе түйе жайлы біліп оның макетін жасаймыз.Түйе өтте төзімді жануар ол шөлдің жануары,түйе сусыз немесе бірнеше күн жүре береді екен.

Балаларды түйемен таныстырып,оның дене мүшелерін сипатап түйенің макетін жапсырып жасап үйренеміздеп әр балаға қағаз,қайшы беріп.Содан соң олардың зейінін өзіме аударып қоңыр түсті қағаздың бұрыштарын дөңгелендіріп қиып түйенің денесін,өркешінбасып қиып алуды көрсетемін.

Сергіту сәті.

Ал балалар тұрайық.

Алақанды ұрайық

Бір отырып ,бір тұрып.

Орнымызды табайық.

Балалардың жасаған жұмыстарын тамашалап қорытып,жұмыстарын мақтап мадақтау.

Тексерілді
09.11.2021

09.11.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Кім күшті?»

**Мақсаты:** «Кім күшті?» Ертегімен таныстыру, оны айтып беру дағдыларын қалыптастыру.

**Ресурстары:** Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Достарым көп бақшада
Көңілдімін бақшада
Достықты біз сүйеміз
Бірге күліп жүреміз

**Негізгі бөлім:** Шаттық шеңберінен кейін балаларды айналама отырғызып. Әже мен Ата әкеп берген сандықтағы кітапты алып «Кім күшті?» ертегісін оқып беремін.

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен.
Құйрық жүні ұзын екен.

Қырғауылы қырқылдап, Жалтыр мұзға сыртылдап, Алшая келіп қоныпты, Шаты айрылып қалыпты. Қисая жатып қырғауыл Сонда мұздан сұрапты:
- Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тестірмес едім.
- Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім.
- Жер, жер, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
- Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
- Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шұнақ қасқырға құйрығымды жұлқытпас едім.
- Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк мылтыққа құйрығымды ойдырмас едім.
- Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.
- Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, құмырсқаға інімді алдырмас едім.
- Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?
- Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, - деген екен құмырсқа.

**Қорытынды бөлім:** Балалар ертегі желісімен танысады. Ертегідегі жағымды – жағымсыз, кейіпкерлерді атайды. Ертегіні мұқият тыңдайды.

Тексерілді
11.11.2021ж

11.11.2021.

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Дала немесе түйе».

**Мақсаты:**Саусақ қимылдарын дамыта отырып,дала кемесі түйенің макетін жапсырмалау балаларды ұқыптылыққа,тазалыққа баулу,істеген жұмыстарын соңына дейін білуге талпындыру.

**Ресурстары:**Түйенің үлгі жұмысы,ойыншық түйе.

**Шаттық шеңбер.**

Ерте тұрып кенде мен

Терезені анамын

-Сәлем!-деймін күнге мен

Шаттық әнге саламын

-Қайырлы таң апашым!

Деймін келіп апама

-Қайырлы таң анашым

Деймін келіп анама

-Қайырлы таң достарым

Деймін келіп досыма

Сосын балаларға дала кемесі түйе жайлы суреттер көрсетемін.

Алдыңғы ұйымдастырылған оқу қызметімізде бітпей қалған дала кемесі түйенің бейнесін жапсырмалаймыз үйренеміз деп балаларға қалай жасалатын жолдарын түсіндіремін.

Сергіту сәті.

Жасай,жасай қолымыз

Талып кетті қолымыз

Бір,екі,үш

Жинап алып күш (2-3) рет қайталаймыз

Балалардан түйе жайлы сұрап оның төлінің аты кім екенін сұрап қорытындылау оқу қызметіне жақсы атсалысқан балаларды мақтау.

16.11.2021ж

Тексердім
16.11.2021ж

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Екі дос»

**Мақсаты:** Балаларға екі дос әңгімесін оқып беру арқылы, бір-біріне қамқор дос болуды үйрету. Қиын жағдайда бір-біріне көмектесіп адал болуға үйрету.

**Ресурстары:** Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Бір шаңырақ астында
Тату тәтті тұрамыз
Бірге ішеміз асты да
Бірге сайран құрамыз

**Негізгі бөлім:** Балаларды айналдыра отырғызып сұраймын

-Балалар «дос» қандай болу керек?

Балалар дос туралы шамалары келгенше жауап береді.

-Жарайсыңдар балалар, дос-қиындықта көмектесу және адал болу керек.

-Олай болса мен сендерге «Ескі дос» әңгімесін айтып беремін.

Екі дос шөл далада жолаушылап келе жатады. Бір кезде сөзден сөз шығып, екеуі тартысып қалады. Біреуі ашуға қатты булығып, екіншісін қойып қалады. Досының ұрғаны жанына қатты батады, бірақ ләм-мим демей құмға былай деп жазып қояды: "Бүгін мені жан досым ұрды!"

Екеуі көкорай шалғын жерге келгенше тоқтамай жүріп отырады. Суды сол жерден ішерміз деп келісіп алады. Бір кезде досынан таяқ жеген батпаққа аяғы кіріп шыға алмай қиналады. Тіпті тұншығуға айналып, демі тарыла бастағанда, досы құтқарып қалады. Батпақтан құтылғаннан кейін, тастың үстіне ойып тұрып: "Бүгін мені жан досым, өлім аузынан құтқарып қалды", — деп жазады.

Оның бұл жазуына таңырқаған жолдасы:

– Ұрған кезімде құмға жаздың, ал енді не үшін тасқа жазып жатырсың? — деп сұрайды. Сонда досы:

– Біреу бізге жамандық жасаса, оны құмға жазғанымыз дұрыс, кешірім самалы оны өшіріп кетсін. Ал біреу жақсылық жасаса, оны тасқа ойып жазайық, оны ешқандай жел өшіре алмасын! - деген екен.

**Қорытынды бөлім:** Балалар ертегі желісімен танысады. Ертегідегі

Тексерілді
18.11.2021ж

18.11.2021.

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Жапырақтан тырналар құрастыру».

**Мақсаты:**Жапырақтардан,қиындылардан тырналар құрастыру тырна бейнесін құрастырып шығу.Балаларды зейінді болуға,ұқыптылыққа баулу.

**Ресурстары:**Жапырақтар,үлгі жұмыстар

**Шаттық шеңбер.**

Қол алысып кәне біз

Достасайық бәріміз

Шуақ төксін күн бізге

Тез тұрайық шеңберге-деп балаларды жинап бір-біріне жақсы тілектер айтқызу.

Балаларды серуенге ертіп шығып онда талдардан түскен жапырақтарды жинап топқа алып келіп жапырақтардың түсін пішінін айтып беруін сұранамын.

Осы алып келген жапырақтарымыздан тырналар құрастырып көрейік деп балаларды қызықтырамын.

Балаларды арнайы қайшы,желім,жапырақтар әзірленген орынға шақырамын.

Балаларға жапырақтардан қиып тырнаның бейнесін құрастыруға желімдеуге жағдай жасаймын балаларға жасауға талпындырамын.

Сергіту сәті.

Үлкен шеңбер құрайық

Құсша қанат қағайық

Бір отырып бір тұрып

Тынығып бір алайық

Керемет балалар ал енді орындарыңа отыра ғойыңдар.

Балалар бүгін біз не жасадық? Деп сұрап.

Қорытып жақсы жұмыс жасаған баларды мақтап,мадақтаймын,үлгі етіп айтамын.

Тексерілді
23.11.2021ж

**23.11.2021ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: «Ғылманның өнері»

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып. Балаларды адалдыққа, шыншылдыққа, тәрбиелеу.

**Ресурстары**: Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі**: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Бір шаңырақ астында

Тату тәтті тұрамыз

Бірге ішеміз асты да

Бірге сайран құрамыз

**Негізгі бөлім**: Балаларды айналдыра отырғызып ата мен әже берген сандықты ашып. Ғылманның өнері атты ертегі кітабын балаларға ертегіні айтып беремін.

Ертегіні айтып берген соң балалардан ертегі кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз іс-әрекеттері туралы сұраймын.

Ғылманның ақылдығы мен тапқырлығына балалар ешқашан жолдастарыңа жамандық ойламаңдар. Шыншыл, адал болыңдар.

**Ойын түрі**: « Егер мен ............ болсам»

Шарты: Балалар таныс ертегі кейіпкерлерінің маскасын киіп, егер сен түлкі болсаң деп рольді ойнатамын.

**Қорытынды**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
25.11.2021ж
[signature]

25.11.2021.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Жапырақтан тырналар құрастыру».

**Мақсаты:**Жапырақтар мен оның қиындыларын тырналар жасап құрастыру өткен оқу қызметін пысықтау.

**Ресурстары:**үлгі жұмыс,жапырақтар қиыны.

**Шаттық шеңбер.**

Қол алысып кәне біз

Достасайық бәріміз

Шуақ төкенін күн бізге

Тез тұрайық шеңберге-деп жинап,балалар бір-біріне жақсы тілектер тілейді.

Балалар мен сендерге құстар жайлы айтып берейін.Құстар үй және дала құстары болып екіге бөлінеді.

Ал дала құстары жылы жаққа ұшатын және қыстайтын құстар болады.Құстар біздің досымыз,құстарға біз қамқорлық жасаумыз керек.

Балалар бүгін біз алдыңғы ұйымдастырылған оқу қызметімізді бітпей қалған жұмыстарымызды жалғастырамыз кәне балалар есімізге түсірейікші өткен оқу қызметімізде жапырақтардан тырналар құрастырып жасап көрген едік енді соны қайталап жасап үйренеміз тырналар әсем құстардың бірі дала құсы.

**Сергіту сәті.**

Үлкен шеңбер құрайық

Құсша қанат қағайық

Бір отырып бір тұрып

Тынығып біз алайық

Балалардан бүгін не жасағанымыз жайлы сұрап қорытып,балалардың жұмыстарын өздеріне талдатып жақсы жасаған жұмыстарды мақтап,мадақтап басқа балаларға үлгі етту талпындыру.

Тексерілді
07.12.2021

**07.12.2021**

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы: Батпан құйрық**

**Мақсаты**: Балаларға «Батпан құйрық» ертегісін айтып. Ертегіні мұқият тыңдай білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің әрекетіне өзінің көзқарасын білдіру.

**Ресурстары**: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

**Әдіс-тәсілі**: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Бір шаңырақ астында
Тату тәтті тұрамыз
Бірге ішеміз асты да
Бірге сайран құрамыз

**Негізгі бөлім**: Балаларды айналдыра отырғызып ата мен әже берген сандықты ашып. Ғылманның өнері атты ертегі кітабын балаларға «Батпан құйрық» ертегісін оқып беремін.
Сосын сұрақ-жауап арқылы балалардан ертегі мазмұнын сұраймын.

Содан кейін балаларға ертегі кейіпкерлерін қуыршақ театры арқылы сомдап көрейікші- деп балаларға ұсыныс айтамын. Өзім автор болып ертегіні бастаймын. Бірнеше бала кейіпкерлер болып рольді қуыршақ театры арқылы орындайды. Басқа балалар көрермен болып тамашалайды.

**Құрылымдалған ойын:** «Дауысын танып, ата»

**Қорытынды бөлім**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
02.12.2021ж

02.12.2021.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Тышқан құрастыру».

**Мақсаты:** Кеспе қағаздардан тышқан құрастыруға үйрету.Шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру қызығушылықтарын арттыру.Еңбекке баулу.

**Ресурстары:**Үлгі суреттер кеспе құрастырғыш..

**Шаттық шеңбер.**

Достар көп бақшада

Көңілдіміз бақшада

Достықты біз сеземіз

Бірге күліп жүреміз

Балалар әрдайым дос болып жүруіміз керек.

Балалар орнымызға жайғасамыз.

Бүгінгі қол еңбегінде жасайтын жұмысымыз тышқан құрастыру.

Кеспе қағазды құрастыра отырып тышқан бейнесін жасаймыз.

Үлгіге қарап отырып.

Балалар сендердің қолдарыңнан бәрі келеді сендер өте талпыныста жүретіндеріңді білемін.

Ойын: «Мысық пен тышқан».

Мақсаты:Ашық алаң орталығында шеңбер болып тұрамыз.

Бір бала мысық,бір бала тышқан болады.

Тышқан мысықты ұстап алған жағдайда алып өтеді.

Мыс:ән немесе би билеп береді.(ойын 4-5 рет)болады.

Қорытынды:Балалар сендерге тышқан бейнесін құрастырған ұнадыма.

Бүгін оқу қызметіне қарқынды қатысқандарыңа рахмет.

Тексерілді
09.12.2021ж

09.12.2021.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Қыс киіміндегі қыз бала».

**Мақсаты:** Балаларды қыстың киім үлгісімен таныстыру,жеке-жеке сұрау арқылы,есте сақтау қабілеттерін артыру.Қима қағаздардан қыс мезгілінде кейетін киетіндерді құрастыруға балаларды қызықтыру талпындыру.

**Ресурстары:**Қыс мезгілінде киетін киімдердің суреттері мен қима қағаздары.

**Шаттық шенбер.**

Қуанамыз біргеміз

Бөлінбейді іргеміз

Алдында достардың

Бір жүреміз күнде біз!

Балаларға алдын –ала дайындаған қыстық киімдегі қыз бала үлгісімен таныстырамын.Балаларға қыс мезгілінде жылы киімдер киіп жылы жүрулері қажет екенін түсіндіріп өтемін.Қыс мезгілі өте суық болғандықтан жылы киініп жүруіміз керек.

Балалар ендеше екі топқа бөлініп қима қағаздардан қию арқылы қыстық киімдердің үлгісін жасау.

Балалардың жұмыстарына жеке-жеке тоқталу.

Балалардың қызығушылықтарын арттыра отырып қол еңбегіне деген сүйіспеншіліктерін артыру.

Сергіту сәті.

Жаза жаза қолымыз

Талып кетті көзіміз

Бір ,екі,үш

Жинап алып күш!

Балалардың жұмыстарын жеке-жеке бағала,жақсы жұмыс жасаған балалардың жұмыстарын үлгі тақтаға іліп қою.Балаларды мақтап,мадақтау.

**14.12.2021ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Ақылды етікші

**Мақсаты**: Балаларға «Ақылды етікші» ертегісін айтып. Балаларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Ерегі кейіпкерлерінің достық, қамқорлық сезімдерін ұғындыру.

**Ресурстары**: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

**Әдіс-тәсілі**: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Қуан, шаттан алақай

Қуанатын күн келді

Қайырлы таң, қайырлы күн

Күліп шықты күн бүгін

**Негізгі бөлім**: Балаларды шаттық шеңберінен соңң айналама отырғызып, ертегі оқып беремін. Етікшінің мінезі жайында жақсы мінездерін атап өтіп және сол қасиетке дағдылануға шақырамын. Сосын сұрақ-жауап арқылы әңгімелесемін.

Содан кейін балаларға ертегі кейіпкерлерін қуыршақ театры арқылы сомдап көрейікші- деп балаларға ұсыныс айтамын. Өзім автор болып ертегіні бастаймын. Бірнеше бала кейіпкерлер болып рольді қуыршақ театры арқылы орындайды. Басқа балалар көрермен болып тамашалап отырады.

**Құрылымдалған ойын:** «Дауысын танып, ата»

**Қорытынды бөлім**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
21.12.2021ж

**21.12.2021ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Ай неге жалаңаш қалды?

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беру. Балаларды адалдыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке баулу.

**Ресурстары**: Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі**: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Қуан, шаттан алақай
Қуанатын күн келді
Қайырлы таң, қайырлы күн
Күліп шықты күн бүгін

**Негізгі бөлім:** Балалардың назарын өзіме аударып, тақырып бойынша ертегі желісін оқып беремін.

«Ай неге жалаңаш қалды?»

Бірде ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Уәделескен шағында Ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты.

- Иә, мен қателескен екем, - дейді тігінші. Сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, Ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді.

Бұл жолы да көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты.

- Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екем ғой, - дейді. Айдың толыса беретініне түсінбеген тігінші. Сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі.

Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің түтігінен асқанда келе жатқан топ-толық өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен Айды көреді. Не істерін

білмей, сасқалақтап тігінші басы ауған жаққа қаша жөнеледі. Ай ары іздеп, бері іздеп тігіншіні таба алмай қалады. Сол себепті, Ай көйлексіз жалаңаш қалыпты.

**Қорытынды бөлім:** Қорытынды бөлім: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап

Тексерілді
23.12.2021
[signature]

23.12.2021.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Аяз атаны мүсіндеу ».

**Мақсаты:** Балаларды қыстың киім үлгісімен таныстыру,жеке-жеке сұрау арқылы,есте сақтау қабілеттерін артыру.Ермексаздан аяз атаны мүсіндеуге балаларды қызықтыру, талпындыру.

**Ресурстары:**Қыс мезгілінде киетін киімдердің суреттері мен қима қағаздары.

**Шаттық шеңбер.**

Армысың алтын күн

Армысың жер ана

Армысың достарым

Армысың жан досым.

Балаларға алдын –ала дайындаған қыстық киімдегі қыз бала үлгісімен таныстырамын.Балаларға қыс мезгілінде жылы киімдер киіп жылы жүрулері қажет екенін түсіндіріп өтемін.Қыс мезгілі өте суық болғандықтан жылы киініп жүруіміз керек.

Балалар ендеше екі топқа бөлініп қима қағаздардан қию арқылы қыстық киімдердің үлгісін жасау.

Балалардың жұмыстарына жеке-жеке тоқталу.

Балалардың қызығушылықтарын арттыра отырып қол еңбегінє деген сүйіспеншіліктерін артыру.

Сергіту сәті.

Жаза жаза қолымыз

Талып кетті көзіміз

Бір ,екі,үш

Жинап алып күш!

Балалардың жұмыстарын жеке-жеке бағала,жақсы жұмыс жасаған балалардың жұмыстарын үлгі тақтаға іліп қою.Балаларды мақтап,мадақтау.

Тексерілді
28.12.2021ж
[signature]

**28.12.2021ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Кім күшті?

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын естеріне түсіріп айтып беріп, сұраққа толық жауап берулерін қадағалау. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын, сала білуге, көңіл бөлу. Ертегіні кейіпкерлердің арасындағы достық, қамқорлық сезімді ұғындыра отырып, бір-біріне әдептілік, кішіпейілділік жасау. Қиын жағдайда қамқорлық жасауды білулерін қамту. Балаларды адалдыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке баулу.

**Ресурстары**: суреттер, кім күшті ертегінің кейіпкерлерінің үстел үсті кейіпкерлері.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Қол ұстасып қане біз

Достасайық бәріміз

Шуақ төксін күн бізге

Тез тұрайық шеңберге – деп балаларға жақсы тілектер айтқызып,айналдыра отырғызып ертегісін көрсетемін, мұқият тыңдауға жағдай жасаймын

**Негізгі бөлім:** Балаларды айналдыра отырғызып ата мен әже берген сандықты ашып «Кім күшті?» ертегі кітабын алып балаларға ертегіні оқып беремін. Содан кейін балаларға үстел үсті театры арқылы сомдап көрсетіп, соны балаларға ертегі кейіпкерлерін рольдерін бөліп үстел үсті театры арқылы ертегіні драммалауды ұсынамын.

**Құрылымдалған ойын**: « Бөлшегін қосып құрастыр»

**Шарты**: Балалар ертегі кейіпкерлердің бөлшегін тауып құрастырады.

**Қорытынды бөлім**: Бүгін не істегендері жайлы сұрап, ертегі желісін қорытындылап, кім күшті екенін сұрап, сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылаймын.

Тексерілді

30.12.2021.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Балапан жасау»

**Мақсаты:** Балаларды  ұқыптылыққа ,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бір-біріне көмек көрсетуді дағдыландыру.

**Ресурстары:**Суреттер, кім күшті ертегісіндегі кейіпкерлерінің  стол үсті тиатрі.

**Шаттық шеңбер.**

Негізгі бөлім: Балаларға балапан тауықтың баласы екенін оған күтіммен қарау керектігін айтып түсіндіремін.

-Балалар сары түсті қағаздан бүктеу арқылы балапан бейнесін жасауды үйретемін деп өзім жасап көрсетемін.Балаларды еңбекке баулу арқылы ұқыптылыққа талпындыру.

Дамытушы ойындар жинағанын «Шөлдеу»

Мақсаты:Достыққа бір – біріне көмектесіп қана нәтижеге жетуге болатынына тәрбиелеу.

Ойын барысы:Балалар өздерін ыстық шөл даладамыз деп елестетіңдер қатты шөлдеп жүрсіңдер.

Бір кезде тостағандағы суға кездесесіңдер.

Енді осыны суды шашпай,шөлдеріңді  қандыруға болатынына көз жеткізіңдер.

Ол үшін суға байланысты мақал-мәтелдер тақпақтар  айтып беріңдер. Балаларды қызықтырамын.

**Қортынды**: балалардан  бүгін  не істегендерін, не білгендері жайлы сұрап ,ойын туралы балалардың ойларын сұраймын сұрап қорытындылаймын бүгінгі оқу қызметіне жақсы атсалысып тәртібі,өнері сөйлегенін,мақал-мәтел айтқанын айтып балаларды мақтап,мадақтаймын.

Тексерілді
04.01.2022ж

**04.01.2022**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Өсімдіктер мен кемпірқосақ

**Мақсаты**: Балаларға « Өсімдіктер мен кемпірқосақ» ертегі мазмұнын естеріне түсіріп айтып беріп, сұраққа толық жауап берулерін қадағалау. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын, сала білуге, көңіл бөлу. Ертегіні кейіпкерлердің арасындағы достық, қамқорлық сезімді ұғындыра отырып, бір-біріне әдептілік, кішіпейілділік жасау. Қиын жағдайда қамқорлық жасауды білулерін қамту. Балаларды адалдыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке баулу.

**Ресурстары**: суреттер, ертегінің кейіпкерлерінің үстел үсті кейіпкерлері.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Қол ұстасып қане біз

Достасайық бәріміз

Шуақ төксін күн бізге

Тез тұрайық шеңберге – деп балаларға жақсы тілектер айтқызып,айналдыра отырғызып ертегісін көрсетемін, мұқият тыңдауға жағдай жасаймын

**Негізгі бөлім:** Балаларды айналдыра отырғызып ата мен әже берген сандықты ашып «: Өсімдіктер мен кемпірқосақ» ертегі кітабын алып балаларға ертегіні оқып беремін. Содан кейін балаларға үстел үсті театры арқылы сомдап көрсетіп, соны балаларға ертегі кейіпкерлерін рольдерін бөліп үстел үсті театры арқылы ертегіні драммалауды ұсынамын.

**Құрылымдалған ойын**: « Бөлшегін қосып құрастыр»

**Шарты:** Балалар ертегі кейіпкерлердің бөлшегін тауып құрастырады.

**Қорытынды бөлім**: Бүгін не істегендері жайлы сұрап, ертегі желісін қорытындылап, кім күшті екенін сұрап, сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылаймын.

06.01.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Киіз үй құрастыру».

**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру.Еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру.

**Ресурстары:**Үлгі жұмыс,суреттер.

**Шаттық шеңбер.**

Балаларды шеңберге тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Сезім – әдемісің

Марлен – батырсың

Жібек – сұлусың

Нұрислам – мықтысың, т.б.

Балаларды шығармашылық орталыққа алып барып,киіз үйдің суретін макетін көре отырып,қандай кезде киіз үйді құрамыз соны айтып отырып,естеріне түсіру,киіз үйді жырма екінші наурыз мерекесінде құратынымыз жайлы балаларға түсіндіріп өтемін.

Балаларға түрлі-түсті қағаздан киіз үйді жасауды үйретемін,қызықтырамын,талпындырамын.

Ойын: «Арқан тартыс»

Шарты:Балаларғады теңдей етіп екі топқа бөлу.

Ортадағы жіпке белгі тастау.

Арқанды тәрбиеші белгі бергенде тартады қай жақтың балалары мәреден асырса тартса сол тарап жеңіске жетеді.

Ойын 4-5 рет қайталанады.

Балалардың жұмысын бағалап,белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.

**11.01.2022ж**

Тексерілді
[signature]

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Хан мен құмырсқалар

Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын естеріне түсіріп айтып беріп, сұраққа толық жауап берулерін қадағалау. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ертегіні мұқият тыңдауға үйрету.

Ресурстары:тақырыпқа байланысты суреттер

Кіріспе бөлім: Балаларды шеңбер бойынша тұрғызып, бір-біріне жылы лебіздерін білдірту. Балаларды шеңберге отырғызып ертегі тыңдауға шақыру.

Негізгі бөлім: - Балалар мен сенлерге «Хан мен құмырсқалар» ертегісін айтып беремін. Баяғы заманда бір хан өтіпті. Өзін-өзі әлемдегі асқан ақыл-парасатты, ділмар адам санайды екен.Бір күні хан қалың нөкерін шұбыртып, саятқа шығуға әзірленіпті. Жан-жаққа жаршы, хабаршылар шаптырыпты. «Құрт-құмырсқаға, кішкене жәндіктерге айтыңдар, он күнге дейін індерінен шықпасын. Әйтпесе, біздің аттарымыз таптап өлтіреді!» – деген хабар таратыпты.Бұл хабарды естіген соң ұсақ жәндіктер індеріне тығылыпты. Ал құмырсқалар болса, әлгі ханды өз ауылдарына бір қондырып, сый-сыяпат көрсетпек болады.

Хан қалың қолмен аңға шығады. Келе жатып, құмырсқалардың жол тосып, топтасып тұрғанын көреді.

Хан: «Барлық құмырсқаларға, құрттарға және басқа да кішкентай ақымақ мақұлықтарға» - «он күн бойы індеріңнен шықпаңдар» деп ескертіңдер. Егер айтқанды тындамаса онда менің атты әскерім оларды таптап өтеді!-деген. Тек құмырсқалар ғана ханды өздерінің ауылында қарсы алмақ болып індерінде тығылып отырмайды.

Уақыты келіп, Хан өзінің әскерімен ғана ханды өздерінің ауылдарында қарсы болып, індерінен шығады.

Құрымдағы ойын: «Ұшты, ұшты»

Ойын шарты: Құмырсқа- ұшпайды

Гүл-ұшпайды

Қарлығаш-ұшады

Қорытынды: Балаларды сұрақ-жауаптарына қарай мақтап, марапаттау.

Тексерілді
13.01.2022ж
[signature]

13.01.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Киіз үй құрастыру».

**Мақсаты:** Балаларға киіз үйді құрастыруды меңгерту.Қазақ халқының киіз үй жайлы балаларға мағлұмат беру.

**Ресурстары:**Күиіз үй макеті суреттер,қима суреттер,қағаз,түрлі-түсті қағаз,желім,қайшы.

**Шаттық шеңбер.**

Кел балалар,күлейік

Күлкі менен түленіп

Қазақ түйген не керік

Көңілді боп жүрейік

Кел балалар,күлеиік

Күлкі көңіл ашады

Күліп өмір сүрейік

Ғажап сәт топқа кептар хат алып келеді.Онда тапсырма.Хат ішінде қима суреттер бар екен,сол суреттерді құрастырып көрелік деп балаларды қызықтарымын.Кәне балалар барлығымыз бірге құрастырып көреміз деп балаларды айналама жинап бірге отырып киіз үйді құрастырымыз.

Балалар енді осы құрастырылған киіз үйімiздiге түрлі-түсті қағаздан ою-өрнектер қиып киіз үйімізге әсем еттіп оюларды жапсырып көреиікші деп балаларға ұсыныс жасаймын.

Балалардан киіз үй жайлы жалпы не білетіндерін сұрап балаларға киіз үй жайлы айтып беремін,түсіндіремін.

Сергіту сәті:

Дөңгелене тұрайық

Уық болып иіліп

Біз киіз үйді құрайық

Балалардың жасаған жұмыстарын бағалап жақсы шыққан жұмыстарды мақтап басқа балаларға өздерінің жұмыстарын өздеріне баға берулерін сұрау.

**18.01.2022ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Күн астындағы күнекей қыз

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беру. Балаларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Ерегі кейіпкерлерінің достық, қамқорлық сезімдерін ұғындыру.

**Ресурстары**: Тақырыпқа байланысты суреттер. Ертегі кітап, сандықша

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Қуан шаттан, қуан шаттан

Қуанышты күн бүгін.

Қайырлы күн, қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

**Негізгі бөлім:** Балаларды айналдыра отырғызып ата мен әже берген сандықты ашып ертегі кітабын алып балаларға « Күн астындағы күнекей қыз» ертегісін оқып беремін.

Ертегіні оқып берген соң балалардан ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз іс-әрекеттеріні туралы сұраймын.

**Дидактикалық ойын:**« Егер мен ............ болсам»

**Шарты**: Балалар таныс ертегі кейіпкерлерінің маскасын киіп, егер сен патша болсаң деп рольді ойнатамын. Ойынға кезекпен бірнеше бала қатысады.

**Қорытынды**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
20.01.2022ж

20.01.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Киіз үй жасау».

**Мақсаты:** Қазақ халқының киіз үйін таныстырып оны құрастыруға талпындыру.Қазақ халқының қол өнеріндегі ою өрнектерімен таныстыра отырып құс қанаты қос мүйіз,түйе табан осындай ою өрнектерімен таныстыра отырып оларды қиып қиіз үйге жапсырмалатамын.Балалармен бірлесе отырып киіз үйді безендіреміз.

**Ресурстары:**Күиіз үй макеті ,қазақ халқының ою өрнектері салынған бүктемелер,оюлар.

Балаларды шеңбер бойына айналдыра тұрғызып бір-біріне жүректен шыққан жылы лебіздерін айтқызамын.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Дұрыс айтасыңдар ,ия қазір жылдың қыс мезгілі.Балаларды айналама отырғызып қоржыннан киіз үй жабдықтарын алып шығарып көрсетемін.Киіз үйдің уығы,шаңырағы,керегесі,есігі болатынын көрсетіп түсіндіремін.Киіз үй жайлы балаларға мағлұматтар беремін.Содан соң балаларға Қазақ халқының ою өрнектерімен таныстырып солар жайлы айтамын құс қанатты,қос мүіз қошқар мүйіз атты оюларды киіз үйімізге ойып жапсырып көрсетемін деп балаларды қызықтырамын.Содан соң кәне ойын ойнайық деп балаларға оюларды таратып беріп музыка әуенімен балалар шеңбер бойлап оюларды қолына ұстап жүреді тәрбиеші қошқар мүйізді оюдың суретін көрсеткенде ортаға қошқар мүйіздің оюын ойған балар шығып киіз үйге жапсырады.

Солай басқа оюларды ойнап балалармен ойын түрінде жалғастырамын.

**Сергіту сәті.**

Секіреміз топ-топ

Шапалақтап көп-көп

Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш

Иілеміз солға қарай бір-екі-үш

Балалардың жұмыстарын бағалап жақсы атсалысқан балаларды басқа балаларға үлгі еттіп, басқа балаларды да талпындырып мақтапмарапаттаймын балаларды.

**25.01.2022ж**

Тексерілді 25.01.2022ж

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Күйеу таңдаған қыз

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беріп, кейіпкерлерді адамгершілік жақсы қабілеттерін таныта білу.

**Ресурстары**: Ертегі желісімен бейнеленген суреттер.

**Кіріспебөлім**: Шаттық шеңберге тұрып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді.

**Негізгібөлім**: Балалар ортаға жинала қойыңдар мен сендерге ертегі оқып беремін.
Ертегі « Күйеу таңдаған қыз» деп аталады.

Баяғыда бір ханның елден асқан сұлу, ақылды қызы болыпты. Хан қызынын ешкімге атастырмапты. Ол: - Қызым кімді сүйсе, соған барсын, — дейді екен. Бір күні хынның қызы әкесіне келіп: - Әке, менің ерге шығатын уақытым болды, кімде-кім көңіліме жағатындай сыйлық әкелсе, сол кісіге ризалығымды беремін. Осы ойымды сізге айтуға келдім, — дейді. Әкесі қызының сөзін мақұлдап: - Ей, халайық, кімде-кім қызымның көңіліне жағатындай сыйлық әкелсе, қызымды соған беремін, — деп, шаһардағы хылыққа жар салыпты. Хан қызының сұлулығына есі кеткен жігіттер, байдың мырзалары әр жерден келіп жатады. Бірі ішік, бірі патсайы көйлек, енді бірі алтынмен әшекейленген етік әкеледі. Хан қызының көңіліне бірде-бірі жақпайды. Сыйлық әкелгендердің басы салбырап, үйлеріне қайтады. Осы мезгілде үш шаһардан үш кісі бағын сынамаққа хан еліне қарай шығады. Хан елінің күре жолына келгенде үшеуі бір-біріне жолығады. Олардың Бірінде сыйлыққа кілем, екіншісінде айна, үшіншісінде бір алма болыпты. Жол-жөнекей үш адам хан қызына әкеле жатқан сыйлықтарының қасиеттерін айтады. Бірінші жігіт: - Менің кілемім көзді ашып-жұмғанша қалаған жеріңе жеткізеді, — дейді. Екінші жігіт: - Ал, менің айнама қараған адам жер үстінде не болып жатқанын көреді, — дейді. Үшінші жігіт: - Менің алмам – жанға шипа, тәнге дәрі. Егер алманы жесе, өлген адам тіріледі, — дейді. Ертегіні соңына дейін айтып беремін. Балалар қане бой, ой сергітейік.

**Дидактикалық ойын:**« Егер мен ............ болсам»

**Қорытынды**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен ... білімдерін бағалап, мақтап

Тексерілді
27.01.2022ж

27.01.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Алма тасыған кірпі».

**Мақсаты:** Ұшбұрыш,дөңгелек қиындыларды кірпінің бейнесін құрастырып шығару.

**Ресурстары:**Түрлі-түсті қағаз,үлгі жұмыс ерме саз майлық.

**Шаттық шеңбер.**

**Қайырлы күн достарым**

**Қайырлы күн апайлар**

**Дос боламыз бәріміз**

**Қол ұсталып тұрамыз**

Балалардың назарын өзіме аударып бүгінгі өтілетін оқу қызметінің тақырыбын айтып балалардың қызығушылығын оятамын

Балаларды арнайы қайшы,қағаз,желім,ермексаз қойып әзірленген орындарға отырғызып.Балаларды ұшбұрыш,дөңгелектер қиындыларды қиып алып алма тасыған кірпі бейнесін құрастырып желімдеуге жағдай жасау.Балаларға ермексаздан домалақ еттіп үлкен және кіші екі домалақ пішіндерді жасау жолдарын көрсетіп бірін қара ермексаздан ал екіншісін қызыл ермексаздан жасауды ұсынамын.Қара ермексаздан үлкен етіп домалактап,сосын бас жағын жіңішке сопақша еттіп үшкірлеп кірпінің бинесін жасатып,ал кірпінің тікендерін түрлі-түсті қатты қағаздан қиып жіңішке еттіп қиып ермексаздан үстіне орналастырамыз.Ал кішкентай қызыл ермексаздан алманың мүсінін жасап шығарамыз.

Сергіту сәті.

Алма,алма көп алма,

Қызыл ,сары,көп алма.

Теріп,теріп алайық

Балалардың жұмыстарын өздеріне бағалатып жақсы шыққан жұмыстарды мақтап басқа балаларға үлгі еттіп басқа балаларды осылай жақсы жұмыс жасай білуге талпындыру қызықтыру.

Тексерілді
01.02.2022ж

**01.02.2022ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Етікші

**Ресурстары**: Тақырыпқа байланысты суреттер. Ертегі кітап, сандықша

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын жақсы түсінуге ықпал беру. Балаларды адалдыққа тәрбиелеу. Ерегі кейіпкерлерінің достық, қамқорлық сезімдерін ұғындыру.

Қуан, шаттан алақай
Қуанатын күн келді
Қайырлы таң, қайырлы күн
Күліп шықты күн бүгін

**Негізгі бөлім**: Балаларды шаттық шеңберінен соң айналама отырғызып, ертегі кітаптан «Етікші» ертегісін оқып беремін. Етікшінің мінезі жайында жақсы мінездерін атап өтіп және сол қасиетке дағдылануға шақырамын. Осы ертегіні видеодан тамашалап көрулерін ұсынамын.

Балаларға бұл ертегінің жақсы қасиеттерін өздеріне алып қалыптастыруын сұраймын. Үйлеріне барғанда бауырларына айтып беретіндерін айтты.

**Құрылымдалған ойын:** «Дауысын танып, ата»

**Қорытынды бөлім:** Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
03.02.2022ж

03.02.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Сәукеле жасау».

**Мақсаты:** Ұлттық ою-өрнекті қию арасындағы ара қашықтықты сақтауды,сәукеле жасау оны ою-өрнектермен безендіру.Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу,қызықтыру.

**Ресурстары:**Айгерім қуыршақты сәукелесі,үлгі жұмыс..

**Шаттық шеңбер.**

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды даламыз,

Жайнай берсін ауылымыз.

Қайырлы таң балалар,

Қайырлы таң апайлар.

Содан соң «Ғажап қоржын» ішінен алынған «Әсем сәукеле» балаларға қазақ қыздарының әсем сәукелесі жайлы айтып түсіндіріп өттемін.

Балаларға ұлттық нақышта жасалған әсем сәукелені көрсетіп осы сәукеле сияқты еттіп достарыңмен бірге отырып жасаймыз деп балаларды сәукеле жасауға қызықтырамын ұсыныс тастаймын.

Тік ұшбұрышты түрлі-түсті қатты қағаздан,шеттерін бүктеп желіммен жапсырмалап алдымен сәукеленің макетін жасап аламыз.Осы әсем сәукелемізге қазақ халқының керемет әсем ою-өрнектерін қошқар мүйіз сияты оюлапрмен көмкеріп әсем еттіп безендіреміз деп балалармен бірге сәукелеге ою-өрнектерді жапсырып әсемдейміз.

Сергіту сәті.

Секіреміз топ-топ,

Шапалақтап көп-көп.

Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш

Иілеміз солға қарай бір,екі,үш

Балалардан бүгін не жасағандарын сұрап сәукеле жайлы айтып берулерін сұранып бүгін ұжымдық жұмысқа өздері баға берулерін сұрап.балаларды

Тексерілді
10.02.2022ж

10.02.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Сәуке жасау».

**Мақсаты:**Балаларды шығармашылық қабілеттерін артыру.Саусақ маторикасын жетілдіру.

**Ресурстары:**Суреттер.

**Шаттық шеңбер.**

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле тарапты.

Қайырлы күн балабақша

Қайырлы күн тәрбиеші.

Балалар сәукелені қыз ұзату тойында киген .Балалар кәзір шығармашылық орталығына барып,сәукеле бейнесін түрлі-түсті қағаздан жпасаймыз орау арқылы балалар епті әрі шапшаң болсақ саусақтарымыз тез үйренеді.

Ойын: Ұшты-ұшты.

Мақсаты:Балаларды шеңбер бойынша тұрғызып ұшатын мен ұшпайтын затты ажыратуға үйрету.

Ұшты-ұшты қасық ұшты (қол көтермейді)

Ұшты-ұшты қарлығаш ұшты(қол көтереді)

Ұшты-ұшты қарға ұшты(қол көтереді)

Ұшты-ұшты қалам ұшты(қол көтермейді)

Ұшты –ұшты қарға ұшты(қол көтереді)

Ұшты-ұшты теледидар ұшты(қол көтермейді)

Ойын 4-5 рет жалғасады.

Балалардың түрлі-түсті қағаздан жасалған сәукелелерін үлгі тақтаға қойып,мақта, марапаттау.

Тексерілді
15.02.2022ж

**15.02.2022ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Елеместің адамгершілігі.

**Мақсаты**: Балаларға ертегі желісін толық мазмұнын ұғындыру, кейіпкерлердің адамгершілігін жақсы қабілеттерін балаға таныта білу.

**Ресурстары**: Ертегі желісі бойынша бейнеленген суреттер.

**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері

Дөңгелене тұрамыз
Шеңберді біз құрамыз.
Бір-бірімізбен дос болып
Шаттықты біз құрамыз

**Негізгі бөлім**: Балаларды орындыққа айналдыра отырғызып ертегіні таныстырамын және ертегіні отырып оқимын.

«Елеместің адамгершілігі»

Ертеде бір кедейдің үш баласы болыпты. Үшеуінің мінезі үш түрлі екен. Үлкені қатыгез, қу, тек қана өзін ойлайтын, ал ортаншысы жігерсіз, елдің айтқанымен жүретін адам болып өседі. Ең кішісінің аты Елемес екен. Ол ағаларына қарағанда мейірімді, адал, еңбекқор еді. Күні жетіп әкелері ауыр науқастан қайтыс болады. Бар жиған-тергенін балалары әкесін жерлеуге жұмсап, өздері панасыз қалады. Басқа амалдары қалмаған жетем балалар күн көру үшін алыс жолға аттанады. Ұзақ жүрген үшеуінің алдынан екі айрық жол шығады. Осы жерде таста қашалған сөздер бар екен. Онда екі бағыт көрсетілген: біреуі — барса келмес, екіншісі – барса қайтар. Ағалары:

- Кіші ініміз қайда барса да сый-сияпатқа ие болады. Оның бізденқандай артықшылығы бар? Одан да Елеместен құтылайық, — деп келіседі де:

- Сен барса келмес деген жолмен кет, ал біз барса қайтармен барайық, — дейді інілеріне.Елемес келіседі. Ол ағаларымен қоштасып, өз жолымен кетеді.

Ертегіні соңына дейін оқып беремін де сергіту жаттығуларын жасап алып сабақты қорытындылаймын. Сұрақ-жауап аламын. Жауаптарына қарай мақтап мадақтаймын.

Тексерілді
17.02.2022ж
[signature]

17.02.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Балық жасау».

**Мақсаты:**Балаларға балық жасау қағидаларын үйрету .Шығармашылық қабілеттерін арттыру.

**Ресурстары:**Үлгі жұмыстар

**Шаттық шеңбер.**

Дөңгеле тұрамыз

Керегені құрамыз

Уық болып иіліп

Киіз үйді құрамыз.

Балаларды шығармашылық орталығына апарып түрлі-түсті қағаздан балық бейнесін жасауды үйренеміз.

Балық суда мекендейді.

Балықты жасау үшін геометриялық пішінді еске түсіру арқылы және бүктей тәсілімен жасаймыз.

Балықтың желбезегін қалай жасауды үйрету.

Балалардың жасаған қол еңбегін үлгі тақтаға іліп жақсы жасалған балаларды мақтау арқылы ынталандыру.

Дидактикалық ойын: «Не жоқ»

Тақтаға пішіндердің суреттері ілінеді сол пішіндердің жоқ пішінді табады т.б.

Балалар балық қайда мекендейді?

Балалардың жауабы: Суда.

Немен қоректенеді балық?

Су және балдыр нан қидасымен қорыктенеді.Белсене қатысқан балаларды мақтап марапаттау.

Тексерілді
22.02.2022ж

**22.02.2022ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Баянауыл жайлы аңыз

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беріп, кейіпкерлерді адамгершілік жақсы қабілеттерін таныта білу.

**Ресурстары**: Ертегі желісімен бейнеленген суреттер.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңберге тұрып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін сыйлаймыз. Ауыл жайлы әңгімелесеміз.

**Негізгі бөлім:** Балаларға «Баян ауыл» - деген ауыл бар, сол ауыл не үшін олай аталғанын айтып берейінбе? Келіп айналама отырыңдар,- деп балаларға ұсыныс жасаймын.

Баяғы өткен заманда байлығына сан жетпейтін Қарабай деген бай болыпты. Ол әлемдегі ең бай адам болады. Қарабайдың ай десе аузы, күн десе көзі бар, бүкіл дүниедегі ең сұлу қызы болады. Қызының аты Баян болған екен. Баянға құда түсу үшін-жақтан жігіттер ағылады. Алайда, Баян олардың ешқайсысын да ұнатпайды. Әкесі Қарабай да анау-мынау адамдармен қол алысып амандаса бермейтін бай болады.

Арада бірнеше жылдар өтеді. Қарабай қызының өзіне лайықты жігіт тауып тұрмысқа шықпай жүргеніне аландайды. Қарабайдың басына Баянды басқа жаққа көшіру туралы ой келеді. Соңынан, тек қана Баянды емес, оның ауылын да көшірмекке бел буады. Сөйтіп Аягөз бен Тюменьнің арасындағы аймаққа келіп қоныстанады.

Баянның сұлулығына тамсанып, құда түсуге келген жігіттердің саны өте көп болады. Олар әлемнің түкпір-түкпірінен келеді. Баянның жаңа ауылын іздеп жүріп ”Баянның ауылы қайда?” деген сұрақтар ел арасында тарап кетеді. Сол кезден бастап Баянның жаңа ауылы ”Баянауыл” деп аталған.

**Қорытынды:** Сұрақ-жауап арқылы аңызды қорытындылаймыз.

Тексерілді
24.02.2022ж

24.02.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Қызғалдақтар».

**Мақсаты:**Балалардың шығармашылық қабілетін дамуына ықпал ету ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Ресурстары:**Суреттер,бояу,ақ парақ,желім.

**Шаттық шеңбер.**

Аспан түрді түндігін ,

Жерге сәуле жайылды.

Неткен ашық күн бүгін,

Қайырлы таң қайырлы.

**Негізгі бөлім:**Балалардың назарын таң тақтадағы гүлдердің суретке аудартып суреттегі гүлдердің түрлерімен таныстырамын.

Гүлдер адала гүлдер,бақша гүлдері ,бөлме гүлдері болып үшке бөлінеді.Дала гүлдері –далада өседі .Бақша гүлдері деп бөлінеді.Гүлдерге көп күтім керек.Күннің сәулесін өтіп жақсы көреді гүлдер,күн шуағын төккен сайын,гүлдер жайқалып өседі.

Ақ парақ бетіне гүлдерді салып алып аласың,сосын бояумен бояймыз түрлі-түсті бояуды пайдаланамыз.

**Сергіту сәті:**

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстар болып ұшамыз,

Көбелектен қонамыз.

Ары қарай суреттерді аяқтаймыз.Балаларды жұмыстарын орын дамуын қадағалап көмек көрсету.

**Қорытынды:**

Балалардың жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп талдауларын және достарының еңбектеріне бағалап жақсы жұмыстарды үлгі етіп тақтаға өздерінің ілуін сұрау.

Тексеріледі
01.03.2022ж

**01.03.2022ж**

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Балықшы мен сиқыршы.

**Мақсаты**: Балаларға ертегі желісін толық мазмұнын ұғындыру, кейіпкерлердің адамгершілігін жақсы қабілеттерін балаға таныта білу.

**Ресурстары**: Ертегі желісі бойынша бейнеленген суреттер.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Дөңгелене тұрамыз
Шеңберді біз құрамыз.
Бір-бірімізбен дос болып
Шаттықты біз құрамыз

**Негізгі бөлім**: Балаларды орындыққа айналдыра отырғызып теледидардан «Балықшы мен Сиқыршы» ертегісін көрсетемін.

Ертегіні көріп болған соң, балалардан ертегі кейіпкерлерін сұраймын. Ертегіде қай кейіпкер жағымды, қай кейіпкер жағымсыз, соларды атап береді.

Суреттерден кейіпкерлердің атын атап айтады.

**Сергіту сәті**: Орнымыздар тұрамыз
Қолды белге қоямыз
Бұрыламыз оңға бір
Бұрыламыз солға бір
Біздер тату боламыз
Гүл-гүл жайнап жанамыз

**Дидактикалық ойын**: «Дауысын танып, ата»

**Қорытынды бөлім**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
03. 03. 2022ж

03.03.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Тігін құралдарымен таныстыру».

**Мақсаты:**Балалардың ой өрісін кеңейту саусақ маторикасын дамыту көру арқылы есте сақтауын,қабылдауын қалыптастыру.Тігіс түрлерін үйрету.Ұқыптылыққа баулу.

**Ресурстары:**Тігіске керекті құралдар суреті.

**Шаттық шеңбер.**

**Үлкенге де сіз**

**Кішігеде сіз**

**Баршаңызды құрметтеп**

**Бас иеміз біз**

**Негізгі бөлім:**Балалардың назарын өзіме аударып,орындыққа отырғызамын қол еңбекгіне заттар жататынын түсіндіремін.

Тігінді кім қолданатын айтып түсіндіремін.

Сұрақ –жауап арқылы әңгімеге тартамын.

Тігін тігу үшін керек құралдар ине,жіп,қайшы,метр,оймақ, бор,желім,моншақтар қажет.

Тігінді апа-әжелеріміз бұрын қолмен тігетін болған,құрақ көрпеше,жейде нымшалар тігетін болған.

Ал кәзір электр тоғымен тігетін машиналар қолданады.

**Сергіту сәті**.

Күндей болып өсеміз

Гүлдей болып өсеміз.

Құстар болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Қорытынды:Балалардан тігін құралдарын сұрақ-жауап алып қорытындылаймыз.

Тексерілді
10.03.2022ж

10.03.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Тігін құралдарымен таныстыру».

**Мақсаты:**Тігін құралдарымен таныстыру.Шығармашылық қабілеттерін артыру.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Ресурстары:**Үлгі суреттер.

**Кіріспе бөлім:**

**Шаттық шеңбер:**Дөңгелене тұрамыз
Керегені құрамыз
Уық болып иіліп
Киіз үйді құрамыз.

**Негізгі бөлім:**Балалар өткен оқу қызметімізде тігін құралдарымен танысқан болатынбыз,бүгін сол оқу қызметін есімізге түсіріп қайталаймыз.

Кім біледі тігін құралдарыма қандай құралдар жпатады.

1.Элект машинасы

2.Қайшы

3.Ине жіп

4.Оймақ

5.Метр

6.Желім

7.Бор т.б.

Дұрыс айтасыңдар бұрындары аналарымыз әжелеріміз тігісті қолмен тіккен Кәзіргі заманда дамыған заман.Электр ток машиналары бар тіккен тігістер әдемі бір қалыпты тігіледі.

Дидактикалық ойын:Түс-түсімен орналастыр.

Шарты:Әр сезондық киімдерді үйлестіріп жинастыру.

Қорытынды:Балаларға сұрақ жауап арқылы білімдерін тексеру,бүгін оқу қызметін сұрау.Белсене қатысқан балаларды мақтап марапаттау.

Тексерілді
15.03.2022ғ
[signature]

**15.03.2022ж**

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Бай мен баласы»

**Мақсаты:** Балаларға ертегі мазмұнын айтып беру. Ертегі кейіпкерлердің жағымды мінездерін өздерінің бойына сіңдіру.

**Ресурстары**: Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі**: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Бір шаңырақ астында
Тату тәтті тұрамыз
Бірге ішеміз асты да
Бірге сайран құрамыз

**Негізгі бөлім:** Балаларды айналдыра отырғызып өзімнің ата мен әже алып келген сандықты шып ертегі кітабын алып, ашып балаларға «Бай мен баласы» ертегісін оқып беремін. Ертегіні оқып берген соң балалардан ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз істері туралы сұраймын. Балалар ертегіні мұқият тыңдап, сұрақтарға мұқият жауап береді.

**Сергіту сәті**: Кел балалар күлейік
Күлкіменен түлейік.
Қабақ түйген не керек
Көңілді боп жүрейік.

**Ойын түрі:** « Егер мен ............ болсам»

**Шарты**: Балалар таныс ертегі кейіпкерлерінің маскасын киіп, егер сен .... болсаң деп рольді ойнатамын.

**Қорытынды**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
17.03.2022ж
[signature]

17.03.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Жіп ұзындығын өлшеп алуға үйрену».

**Мақсаты**: Балаларға шығармашылық қабілеттерін арттыру жіпті ұзындығын өлшеп алуға үйрету.

**Ресурстары:**Өлшеуіш,жіп,моншақтар,қайшы.

**Кіріспе бөлім:**

**Шаттық шеңбер:**

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Баршаңызды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

**Негізгі Бөлім:**

Топқа Самал оянды да көңіл күйі түсіп ояндым деп келді.

Біз не үшін деп сұрағанды моншағым үзіліп қалғанын айтты.

Балалар ол үшін моншақты түзу үшін жіп керектігін айттым.

Балалар өздері жасайтындығын айтты.

Жіпті моншақтың ұзын болатын мөлшеріне қарай өлшеп ұзіп моншақты тізбектеп тізіп мен айтқандағыдай жіпті өлшеп үзіп алып моншақтарды тізіп шықты.

Самал дән риза,болып ризашылығын айтты.

**Дидактикалық ойын:** «Әр заттың серігін тап».

**Қорытынды:**Балалардың жасаған әрбір әрекенттерін бағалап мақтап,марапаттадым.

Белсене қатысқан балаларды көтермелеп мақтау.

Тексерілді
24.03.2022ж

24.03.2022ж

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Ине сабақтау».

**Мақсаты**: Балаларға сақтық шараларын айта отырып.Анасына немесе апасына,әжесіне көмек беру үшін тігіс тігіп жатқан кезде ине сабақтап беру жайлы әңгімелеу.Балаларды ине сабақтауды көрсету.

**Ресурстары:**Ине мен жіптің өзін әкеп балаларға көрсету,суреттер.

**Шаттық шеңбер:**

**Достарым көп бақшада**

**Көңілдіміз бақшада**

**Достықты біз сүйеміз**

**Бірге күліп жүреміз**

Балаларға суреттер арқылы ине сабақтап жатқан аналары мен әжелерінің,апаларының суреттерден көрсетіп ол кісілер көрпе,көрпеше тігіп жатыр деп түсіндіріп.Осы кісілерге ине сабақтап беру үшін алдымен біз сурет салу арқылы жасап көреміз деп балаларды қызықтырамын.Әр балаға ақ қағаз,қылқалам таратып беріп ине мен жіптің суретін салдырамын.

**«Ғажайып қапшық» дидактикалық ойын.**

**Ойын шарты:**Әр бала ғажайып қапшыққа қолын салып ол жерден бір сурет алады,суретте не бейнелеген жайлы айтып түсіндіріп береді.Ойын осылай жалғысын табады.

**Сергіту сәті:**

**Дөңгелене тұрайық**

**Керегені құрайық**

**Уық болып иіліп**

**Біз киіз құрайық**

Балалар суреттерін салып болған соң,балалардың жұмыстарды мақтап,мадақтаймын басқа балаларға үлгі етемін.

Тексерілді
29.03.2022ж
[signature]

**29.03.2022ж**

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Ақ тиін мен қасқыр

**Мақсаты:** Балаларға ертегі мазмұнын айтып беру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Мұқият тыңдауға үйрету

**Ресурстары**: Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Бір шаңырақ астында
Тату тәтті тұрамыз
Бірге ішеміз асты да
Бірге сайран құрамыз

**Негізгі бөлім**: Балаларды айналдыра отырғызып ертегіні тыңдауға шақыру.

Ертеде Ақтиін бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды.Қасқыр қарғып тұрып, оны жегісі келеді. Ақ тиін жалынып:

— Мені жеме, жібер? – дейді.

— Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт: неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

Сонда ақ тиін:

— Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп, сөйлей алатын емеспін, – дейді. Қасқыр ақ тиінді босатады.

Ақ тиін ағаш басына шығып алып:

— Сен қасқыр, залымсың, залымдық ішіңді жандырады. Сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта шат болып жүреміз, – дейді де, сылқ-сылқ күліп, ағашқа өрмелеп шығып кетіпті.

**Қорытынды**: Сұрақ-жауап арқылы ертегіні қорытындылап, берген жауаптарына бағалап мақтап, марапаттау.

Тексерілді
31.03.2022

31.03.2022.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Жидекті инемен жіпке өткізу».

**Мақсаты**: Балалардың жеміс-жидектер туралы білімдерін кеңейту.Жидекті инемен жіпке өткізу туралы түсінік береміз.

**Ресурстары:**Жеміс-жидектердің суреттері бейне таспалар,муляждар.

Қарандаршы,балалар айналамыз қандай тамаша осы бөлмеге шуағын төгіп,нұр беріп тұрған күнге қарайықшы.Сол күннен жылу алып,алған жылуымызды бір-бірімізге береміз.

-Әрқашан әдемі болайық!

-Еліміз тыныш болсын!

-Аспанымыз ашық болсын!

-Деніміз сау болсын !

-Достарымыз көп болсын!

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын ал сендер шешуін тауып көріңдер

Түсі қызыл

Тамсамдырып бал дәмі

Домалақ пішіні

Қызықтырар иісі (алма)

Дөп-дөңгелек сары

Ішінде бар дәні

Қызығасың көріп

Оның аты (өрік)

Балалар бүгін біз жидекті инемен жіпті өткізіп жасап көреміз алдымен инеге ұзын еттіп жіпті сабақтап аламын содан кейін жидектерді тізіп үйренеміз.Бәріміз бірге жасап көреміз деп балалармен бірге жасау.

**Дидактикалық ойын: «Не жасау».**

Тақтаға бірнеше жеміс –жидектердің суреті ілінеді.

-Балалар,тақтаға қарайықшы не көріп тұрсыңдар?

**Ойын шарты:**Балалар тақтадағы көкөністердің суреттерін мұқият қарап алады,содан кейін теріс қаратып,суреттің біреуін алып қоямын.Балалар жоғалған суретті табады.

Ұйымдастырылған оқу қызметіне жақсы атсалысқан балаларды мақтап,мадақтау.

Тексерілді
05.04.2022ж
[signature]

**05.04.2022ж**

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Егінші мен балшы.

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Мұқият тыңдауға үйрету

**Ресурстары:** Ертегі желісінің суреттері.

**Әдіс-тәсілі**: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Бір шаңырақ астында
Тату тәтті тұрамыз
Бірге ішеміз асты да
Бірге сайран құрамыз

**Негізгі бөлім:** Балаларды айналдыра отырғызып ертегіні тыңдауға шақыру.

Алдамшы бір адам ауылға келіп, адамдарды айналасына жинап, оларға келешектері туралы болжам жасайтынын айтады. Оның жанына бір топ адам жиналады.
Мұны естіген бір егінші де, қызығып, бал аштырмақшы болып, балшыға келеді. Балшы адам әдемі сөздер айтады. Соңында кетпекші болған егіншіден ақшасын сұрайды.
- Ненің ақшасы? – дейді егінші. Сен өткенді де, келешекті де білесің. Қалтамда ақшамның жоғында білуің керек. Сөйлегендерің шын болса, ақшаны сол кезде беремін. Ал, қош болып тұр, – дейді егінші.

**Сергіту сәті**

Күндей күліп жүреміз
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз
Көбелектей қонамыз

**Қорытынды:** Балалардың бүгінгі ертегіні сұрақ-жауап арқылы қорытындылаймын.

Тексерілді
07.04.2022ж

07.04.2022ж

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Жидекті инемен жіпке өткізу».

**Мақсаты**: Балаларға жидектер жайлы мағлұмат беру.Балаларды ұқыптылық пен қиялдауға талпындыру баулу.

**Ресурстары:**Жеміс-жидектердің суреттері бейне таспалар,муляждар.

Шаттық шеңбер.

Достарым көп бақшада,

Көңілдіміз бақшада.

Достықты біз сүйеміз

Бірге күліп ойнаймыз.

Балалар бүгін бізде қызықты ұйымдастырылған оқу қызметі оның тақырыбы «Жидекті инемен жіпке өткізу».-деген тақырытпа өтеміз.Алдыңғы ұйымдастырылған оқу қызметінде біз жидектерді инемен жіпке өткізгенбіз.Енді сол жұмысымызды тағыда ұжымдаса жасап көреміз.Бірақ сендер инені ұстамайсыңдар сендер тек маған жидектерді беріп ортырасыңдар сақтық шараларын сақтап жұмыс жасаймыз деп балаларды қызықтырамын.Балалар мен сендерге жұмбақ жасырып көрейін ал сендер шешуін тауып көріңіздер.

Жұмбақ.

Іші толған шәрбат

Дәмі қандай әйбат

Үзесің бірден жүзің

Оның аты-........(жүзім)

Бір сабақта көп түйме

Жей алмайсың көп күйде

Санап қара қанша

Оның аты-..........(шие)

Балалар мен сендерге «Кім көп жинайды?» деген ойынды ұйымдастырғым келіп тұр.

Ойын шарты:шашылған жеміс-жидектерді себетке жинау.Жеміс-жидекті көп жинаған бала-жеңімпаз.Ойын осылай жалғаса береді.

Ұйымдастырылған оқу қызметін жақсы атсалысып қатысқан балаларды мақтап,мадақтап,басқа балаларға үлгі етту,талпындыру.

Тексерілді
12.04.2022ж

**12.04.2022ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Түлкі мен құмырсқа

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің адамгершілік құндылықтарын таныту.

**Ресурстары:** Ертегі желісі бойынша бейнеленген суреттер.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Дөңгелене тұрамыз
Шеңберді біз құрамыз.
Бір-бірімізбен дос болып
Шаттықты біз құрамыз

**Негізгі бөлім**: Балаларды орындыққа айналдыра отырғызып ертегіні айтып беретінімді айтамын.

Ертегіде түлкі мен құмырсқа туралы екендігін айтып беремін. Ертегі желісін айтып енді осы ертегідегі кейіпкерлерді сомдап шығуларын өтінемін. Балалар ертегі желісімен сомдайды.

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұрамыз
Қолды белге қоямыз
Бұрыламыз оңға бір
Бұрыламыз солға бір
Біздер тату боламыз
Гүл-гүл жайнап жанамыз

**Дидактикалық ойын:** «Дауысын танып, ата»

**Қорытынды бөлім:** Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

Тексерілді
14.04.2022ж
[signature]

14.04.2022ж

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Біздің үй».

**Мақсаты**: Балаларға қол еңбегімен таныстыру.Үй жайында балаларға мағлұмат беру.

**Ресурстары:**Үйдің макеті,суреттер.

Шаттық шеңбер.

**Дөңгелене тұрайық**

**Керегені құрайық**

**Уық болып иіліп**

**Киіз үйді құрайық.**

Балалар бүгін біз қызықты тақырып біздің үй деп аталады.Үй дегенімізді сендер қалай түсінесіңдер деп балаларды сұраймын.

Ендеше балалар осы үйді бейнесін ақ парақ бетіне жапсырып үйренейік.

Балалар саусақ маторикасын дамыта отыру.

**Сергіту сәті.**

Жаза жаза қолымыз,

Талып кетті көзіміз.

Бір,екі,үш,

Жинап алып күш.

Балалардың жұмыстарын тақтаға іліп балалардың жұмыстарын бағалау.

**Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан».

Ойын шарты:Балаларды шеңбер бойына тұрғызып бір бала мысық,екінші бала тышқан болып сайланады.Тыщқан мысықты ұстай алмаса айыбына өлең,тақпақ,жұмбақ,мақал-мәтел айтып береді.

Балалардың жұмыстарын тақтаға іліп өздеріне бағалату.Балаларға сұрақ жауап алу арқылы жұмыстарын пысықтау,қызығушылықтарын арттыру.Балаларға біздің үй атты жаттауды жаттату оқу қызметін қызметіне жақсы қатысқан балаларды мақтау,мадақтау.

Тексерілді
19.04.2022ж

**19.04.2022ж**

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Түлкі мен ешкі

**Мақсаты:** Балаларға ертегі мазмұнын естеріне түсіріп айтып беру. Ертегіні мұқият тыңдауға үйрету.

Ресурстары:тақырыпқа байланысты суреттер

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңбері

Дөңгелене тұрамыз
Шеңберді біз құрамыз.
Бір-бірімізбен дос болып
Шаттықты біз құрамыз

**Негізгі бөлім:** Балаларды шеңберге отырғызып ертегі тыңдауға шақыру.

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шыға алмай тұрғанда, бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға кез болып, түлкіні көреді.

— Ей, түлкі батыр, не қылып тұрсың? — депті.

— Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп тұнық суы бар екен, — депті түлкі.

Мұны естіп ешкі: «Мен де салқындайын, әрі су ішейін», — деп ойлап, секіріп апанға түсіпті. Сонда түлкі секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне табан тірепті де, ырғып далаға шығып, жөніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген сөз осыдан қалыпты.

Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?»

Қорытынды: Балалар ертегіні мұқият тыңдап, түлкінің әрекеті әділдік еместігін айтты.

Тексерілді
21.04.2022ж

21.04.2022ж

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Менің бөлмемдегі өсімдік».

**Мақсаты**: Бөлме гүлдері туралы түсінік беру.Гүлдердің айырмашылықтарын айтып түсіндіру.

**Ресурстары:**Дала және бөлме гүлдерінің суреттері гүлдерді көрсету.

Жылулық шеңбері.

Біз балдырған баламыз

Қашан да панамыз

Санамызды білдірген

Себебі біз достармыз

Балалар айналамызға қараңдаршы тобымызға айналамызға тазалап тұрған,сәнін кіргізіп тұрған не?

-Ия балалар бөлме гүлдері.

-Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер?

-Бөлмеде және далада өсетін түрлерін

-Гүлдер біз қандайц гүлдерді білеміз?

Балалар күнделікті гүлдерді қарап күтімге алып тұрсақ бізге таза ауа беріп жағымды жұрап иісті шашады.

Жаз айларында мол еттіп су құйып тұрған жөн.Гүлдер ылғалды қажет етеді.Гүлдердің жапырақтарын ылғалды шүберекпен сүртіп шаңын тазалап тұруымыз қажет.Гүлдің түбін қопсытып тұруымыз керек.

Біз гүлдерге күтім жасасақ олар бізге өзінің әсемдігі мен таза ауасын береді.

Сергіту сәті.

Біз гүлдердің досымыз,

Теке оны жұлмаймыз

Мереке күні бір-бірден

Анамызға сыйлаймыз.

Қорытынды оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мақтап марапатау.

**03.05.2022ж**

**Білім саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Түлкі мен қырғауыл

Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын естеріне түсіріп айтып беріп, кейіпкерлердің адамгершілік қасиетін таныта білу. Ертегіні мұқият тыңдауға үйрету. Рольге еніп ойнауды үйрету.

**Ресурстары**: Ертегі кітап, ойыншық қырғауыл

**Кіріспе бөлім**: Ертегі кітап оқымас бұрын шаттық шеңберің жасап алайық.

Дөңгелене тұрамыз
Шеңберді біз құрамыз.
Бір-бірімізбен дос болып
Шаттықты біз құрамыз

**Негізгі бөлім**: Балаларды шеңберге отырғызып ертегі оқып беремін.

Бір түлкі қалың ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де, жақындап келіп:
Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халың қалай? – дейді.
Қырғауыл:
-Жақсы, өзің қалай тұрасың? – дейді.
Түлкі:
-Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді, бір құлағым естімеуші еді? – дейді.
Қырғауыл:
-Жерге түсуге қорқамын, жерде әр түрлі аңдар бар, бізді жеп қоюы мүмкін, – дейді. Түлкі:
-Әй, достым, биылғы заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, біреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқыр бірге жүрсін, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, – дейді.
Қырғауыл:
-Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет, достым! Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, есітсін, – дейді. Ит деген сөзді есіткен соң, түлкі алды-артына қарамастан қаша жөнеледі.
Қырғауыл:
-Қайда барасың, түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? – дейді.
Түлкі:
-Кім біледі, бұйрықты ол естімеген шығар, – дейді міңгірлеп

**Қорытынды:** Ал балалар ертегіні ретімен қуыршақ театры арқылы сомдап шығайықшы. Мақтап, мадақтаймын.

Тексерілді
05. 05. 2022ж

**05.05.2022ж**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Көбелектер бағы».

**Мақсаты**:Баланың оқу ойынан мазмұнынан беретін бейнені немесе көріністі әсерлей білуі,табиғат материалдың өзіндік ерекшелігін сезініп дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.Қоршаған ортаға табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту. .

**Ресурстары:**Табиғи материалдар,кептірілген жапырақтар.Балаларға А.Сәуленовтің «Көбелек»өлеңін оқып беру.

Мен тілеймін жасқанба

Дос болайық көбелек

Жайнап тұрған бақшада

Тұтқиылдан састыра

Жаңбыр жауса себелеп

Тақиямның астына

Тығыла қой көбелек.

Сұрақ-жауаппен өлең мазмұнын әңгімелесу.Көбелектер тіршілігі,олардың түстерін т.б туралы көрсетіп сурет бойынша әңгімелесу.Табиғи материалдарды пайдалана ұшып жүрген көбелектердің орналастыру тәсілімен гербари жасаудың дағдыларын бірігіп отырып қалыртастыру.

Жұмыстың орындалу реті.

-Ақ қағаз бетіне кептірілген жапырақты бұтақты қиғаштап орналастыру желімен жапсыру.

-Раушан гүлінің кепкен күлтесін жайып көбелекке қонатын жапырақтан жасаған дене пішініне желімдейміз.Денесінің жоғарғы жағына көбелектің басы мен екі ұртын бекітеміз

Жұмыс дайын болған соң,балалардың жұмыстарын талқылап,ерекшелігін айтып жақсы еңтерін мадақтау.

Тексерілді
10.05.2022ж
[signature]

**10.05.2022ж**

**Білім саласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент**: Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: Арыстан мен түлкі

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын естеріне түсіріп айтып беріп, үлкенді, кішіні сыйлауды дағдыландыру.

**Ресурстары**: Тақырыпқа байланысты суреттер.

**Кіріспе бөлім**: Ертегі кітап оқымас бұрын шаттық шеңберің жасап алайық.

Үкенгеде сіз

Кішігеде сіз

Баршаңызды құрметтеп

Бас иеміз біз

**Негізгі бөлім:** Балалардың назарын өзіме аударамын. Арыстан мен түлкі ертегісін оқып беремін.

Арыстан қартаяды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын бол ады. Енді аңдарды айламен аулағысы келеді. Өзі үңгірде жатады да:

- Аурумын, жүруге әлім жоқ, – деп, барлық аңдарға хабар таратады. Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болады.

Бір күні түлкі келеді. Ол үңгірден алысырақ тұрады да:

- Халіңіз қалай, тақсыр? – деп көңілін сұрайды.
- Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, азырақ сөйлесейік? – дейді арыстан. Түлкі:
- Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! – деп жүріп кетіпті.

**Қорытынды:** Балалар ертегіні мұқият тындап арыстанның әрекеті дұрыс емес екенін ұғымды, түлкінің аңғарымпаздығына мәз мейрам болды.

Тексерілді
[signature]
12.05.2022ж

**12.05. 2022ж**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Вариативтік компонет :** «Қол еңбегі»

**Тақырыбы:** «Көбелектер бағы».

**Мақсаты:**Баланың оқу ойынан мазмұнынан беретін бейнені немесе көріністі әсерлей білуі,табиғат материалдың өзіндік ерекшелігін сезініп дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.Қоршаған ортаға табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту. .

**Ресурстары:**Табиғи материалдар,кептірілген жапырақтар.Балаларға А.Сәуленовтің «Көбелек»өлеңін оқып беру.

Мен тілеймін жасқанба

Дос болайық көбелек

Жайнап тұрған бақшада

Тұтқиылдан састыра

Жаңбыр жауса себелеп

Тақиямның астына

Тығыла қой көбелек.

Сұрақ-жауаппен өлең мазмұнын әңгімелесу.Көбелектер тіршілігі,олардың түстерін т.б туралы көрсетіп сурет бойынша әңгімелесу.Табиғи материалдарды пайдалана ұшып жүрген көбелектердің орналастыру тәсілімен гербари жасаудың дағдыларын бірігіп отырып қалыртастыру.

Жұмыстың орындалу реті.

-Ақ қағаз бетіне кептірілген жапырақты бұтақты қиғаштап орналастыру желімен жапсыру.

-Раушан гүлінің кепкен күлтесін жайып көбелекке қонатын жапырақтан жасаған дене пішініне желімдейміз.Денесінің жоғарғы жағына көбелектің басы мен екі ұртын бекітеміз

Жұмыс дайын болған соң,балалардың жұмыстарын талқылап,ерекшелігін айтып жақсы еңтерін мадақтау.

Тексерілді
[signature]
24.05.2022ж.

**24.05.2022ж**

**Білімсаласы**: Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Баянауыл жайлы аңыз

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беріп, кейіпкерлерді адамгершілік жақсы қабілеттерін таныта білу.

**Ресурстары:** Ертегі желісімен бейнеленген суреттер.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңберге тұрып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін сыйлаймыз. Ауыл жайлы әңгімелесеміз.

**Негізгі бөлім:** Балаларға «Баян ауыл» - деген ауыл бар, сол ауыл не үшін олай аталғанын айтып берейінбе? Келіп айналама отырыңдар,- деп балаларға ұсыныс жасаймын.

Баяғы өткен заманда байлығына сан жетпейтін Қарабай деген бай болыпты. Ол әлемдегі ең бай адам болады. Қарабайдың ай десе аузы, күн десе көзі бар, бүкіл дүниедегі ең сұлу қызы болады. Қызының аты Баян болған екен. Баянға құда түсу үшін-жақтан жігіттер ағылады. Алайда, Баян олардың ешқайсысын да ұнатпайды. Әкесі Қарабай да анау-мынау адамдармен қол алысып амандаса бермейтін бай болады.

Арада бірнеше жылдар өтеді. Қарабай қызының өзіне лайықты жігіт тауып тұрмысқа шықпай жүргеніне алаңдайды. Қарабайдың басына Баянды басқа жаққа көшіру туралы ой келеді. Соңынан, тек қана Баянды емес, оның ауылын да көшірмекке бел буады. Сөйтіп Аягөз бен Тюменьнің арасындағы аймаққа келіп қоныстанады.

Баянның сұлулығына тамсанып, құда түсуге келген жігіттердің саны өте көп болады. Олар әлемнің түкпір-түкпірінен келеді. Баянның жаңа ауылын іздеп жүріп ”Баянның ауылы қайда?” деген сұрақтар ел арасында тарап кетеді. Сол кезден бастап Баянның жаңа ауылы ”Баянауыл” деп аталған.

**Қорытынды:** Сұрақ-жауап арқылы аңызды қорытындылаймыз.

**31.05.2022ж**

Тексерілді

**Білімсаласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Шұбар тауық.

**Мақсаты**: Балаларға ертегі мазмұнын айтып беріп, кейіпкерлерді адамгершілік жақсы қабілеттерін таныта білу.

**Ресурстары:** Ертегі желісімен бейнеленген суреттер.

**Кіріспе бөлім**: Шаттық шеңберге тұрып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін сыйлаймыз. Ауыл жайлы әңгімелесеміз.

**Негізгі бөлім:**Ертеде бір шал мен кемпір сүріпті,олардың Шұбар тауығы болыпты. Бір күні тауық жай емес,алтын жұмыртқа тауыпты. Шал мен кемпір қуаныпты.

Шал : Кемпір, жұмыртқаны жарып көрсек қайтеді,мүмкін ішінде гаухар тас бар шығар? Шал жұмыртқаны қасықпен ұрып –ұрып сындыра алмапты.

Кемпір:Әкелші мен жарып көрейін деді. Кемпірде жұмыртқаны ұрып-ұрып сындыра алмапты. Тарсылды естіген тышқан інінен шығып ,үстелдің үстімен жүгіріп бара жатып , жұмыртқаны құйрығымен қағып кетеді. Жұмыртқа еденге түсіп жарылып қалады. Шал мен кемпір жылайды.

Шұбар тауық : Ата ,әже жыламаңыздар! Мен сендерге алтын емес жай жұмыртқа тауып беремін. Көп кешікпей тауық бір себет ірі де тәтті жұмыртқа тауып береді. Осылайша олар бақытты өмір сүре береді.

**Дидактикалық ойын**: « Егер мен ............ болсам»

**Шарты**: Балалар таныс ертегі кейіпкерлерінің маскасын киіп, егерде сен ........ болсаң деп рольді ойнатамын. Ойынға кезекпен бірнеше бала қатысады.

**Қорытынды**: Балалардан бүгін қандай ертегімен танысқанын, сол ертегіні қалай сомдағанын, қандай ертегі кейіпкерлерімен танысқандары туралы сұрап алған білімдерін бағалап, мақтап, марапаттау.

**Бекітемін**

**«Аққөгершін» б/б меңгерушісі: Г. Нарбек.**

**«Аққөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны**

**«Балбөбек» ортаңғы тобының 2021-2022 оқу жылындағы вариативтік компонентінің жоспары.**

**Әдептілік. Қол еңбегі.**

**Тәрбиешілер: Жайдарбек Балжан**

**Жасек Пернекүл**

Тексерілді
01.09.2021ж
[signature]

01.09.2021ж. (І- апта сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас.

**Вариативтік компонент:** Әдептілік.

**Тақырыбы:** Мен әдепті боламын.

**Мақсаты:**Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейлікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Сюжетті суреттер, нақыл сөздер, автобус.

Әдептілік дегеніміз- адамдардың өзара жақсы қарым –қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі. Осы әдептілік ережелерін сақтау керек.Мысалы: Уәде беріп, оны орындамаса басқа ксіге дөрекі жауап берсе, үлкенді сыйламаса, ондай адамды жұрт «Әдепсіз екен» дейді. Онымен басқа адамдар қарым –қатынас жасаудан қалады.Оны сыйламайды. Кейбір балалар әдептілік ережесін байқамай немесе білмей, бұзады. Әдепті бала кездескендермен сәлемдеседі. Автобусқа мінгенде үлкен кісіге орын береді.Сөйлескен кезде, сен демей, сіз деп сөйлескен жөн.Ол әдептілік белгісі болып табылады.

Үйде әжелерің, аталарың «Үлкенді сыйла, әділ бол, өтірік айтпа, жалқау болма, кішкентайларға көмектес» деп үйретіп отырады. Міне, осы ереженің бәрін ұстап, бұзбай жүрген бала нағыз-  әдепті бала. Егде және сырқат адамдарға, кішкентай балаларға, үлкен ауыр жүк көтеріп келіп жатқан адамдарға жол беру қажет.Балалар сондықтан бүгін сендермен «Әдептілік әлемі еліне» саяхат жасаймыз. Саяхатымызда әртүрлі аялдамалар бар.Келесі аялдамаға өту үшін ондағы тапсырмаларды орындап отыруымыз керек.Саяхатқа автобус пен шығамыз.

**Аялдама:** «Сәлем сөздің анасы»

Бұл аялдамада мынадай тапсырма беріледі.

Сәлем бере білейік (көрініс).

**Автор:**Көшеде кездесіп сөйлесіп тұрған  әкім мен байдың қастарынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем береді.

**Мұжық:** Ассалаумағалейкум.

**Әкім:**Уағалейкумассалам.

**Бай:**Осынша жұрттың үстінен қарайтын әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз – дейді. Сонда әкім ешбір білімі жоқ мұжық сонша иіліп әдептілік көрсеткенде, мен әдепсіз боп қалайын ба? – депті.

«Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені.

Жақындықтың белгісі – келіп – кетіп жүргені» - деп халқымыз бекер айтпаған болар.

Саяхатқа шыққанда  белсенділік танытқан балаларды мақтап, мадақтап қорытындылау.

Тексерілді
08.09.2021ж
[signature]

08.09.2021ж. (ІІ-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Күз сыйлығы».

**Мақсаты:** Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту.
**Көрнекілігі:** Күзгі бақ көрінісі. Күз және жеміс-көкөніс суреттерімен муляждар.

**-** Балалар, бізде бүгін ерекше күн.
- Біз оқыту іс-әрекетімізді шаттық шеңберінен бастайық.
Күннің көзі ашылды,
Көкке шуақ шашылды.
Құтты қонақ келіпті,
Төрімізге еніпті.
Ал қанекей бәріміз!
Сәлем дейік үлкенге
Сәлеметсіздер ме Апайлар!!!
Ия балалар, әрбір арайлап атқан таңымызға, келген жаңа күнімізге қуанайық.
Бізбен бірге бар әлем
Қуанады балаша.
Қуанышқа бөленген
Өмір қандай тамаша! -деп оқу іс-әрекетімізді бастайық.
**Ойын**: **«Ғажайып қоржын».**
Мақсаты: қоржыннан алған жеміс-көкөністерді атау.
**Алма** – домалақ, түсі қызыл, сары, жасыл, дәмі тәтті.
**Қияр** – сопақша, түсі жасыл.
**Сәбіз** – түсі қызыл-сары, өте дәмді.
**Анар** – домалақ, дәмі қышқыл-тәтті.
Барлық көкөніс пен жемістер дәруменге бай.
Алма мен қиярдың мүсінін жасалу тәсілін балаларға көрсетіп,оларды екі орталыққа бөлу:
І – **Жемістер орталығы**.
мақсаты: алманың мүсінін алақан арасында тұзды қамырды есіп жасау.
ІІ – **Көкөністер орталығы.**
мақсаты: қиярдың мүсінін алақан арасында тұзды қамырдан жасау.
**Күтілетін нәтиже :** Күз мезгілінде барлық жеміс, көкөністер пісіп, жиын-терім болатынын түсіне білді. Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетіне қызығушылық танытады. Балалар өз бетімен іс-әрекет жасап, алма мен қиярдың мүсінін жасауды меңгере білді.

Тексерілді

15.09.2021ж. (ІІІ-апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас.
**Вариативтік компонент:** Әдептілік.
**Тақырыбы:** Мұзафар Әлімбаевтың «Әдептілік әліппесі» өлеңімен таныстыру.
**Мақсаты:** Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту.Тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Балаларды әдептіліке сыпайы - лыққа тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер.

«Әдеп» деп «Әдептілік» деп қандай мінез бен іс-әрекетті айтамыз? Балалар, бүгін біз сендермен әдептілік жайлы білдік. Әр адам өзін кез-келген жағдайда, кез – келген жерде тәртіпті ұстап, әдепті де әдемі сөйлей білуі керек екен. Әдепті адам жамандықты жақсылыққа баурап, өзінің ақылдылығын таныта білуі керек.Мақал-мәтелдер жаттайық.

Әдепті бала- арлы бала,
Әдепсіз бала- сорлы бала.

Әдептілік белгісі, иіліп сәлем бергені.
Әдепті бала кездессе, сәлем берер бас иіп,
Әдепсіз бала жолықса, өте шығар кекиіп.

Жалғастыр ойыны.

«Не істеуге болмайды? – деген сөзді, балалар әрі қарай өздері жалғастырады.

1.Үлкендердің алдын- кеспеу керек.
2.Кішкене баланы – ұрмау керек.
3.Құстарды - атпау керек.
4.Қыз баланы-сыйлау керек.
5.Үйге жүгіріп – кірмеу керек.
6.Үлкен кісіні –құрметтеу керек.
7.Құстың ұясын – бұзбау керек.

Әдепті адам басқадан сыйласым күтпей – ақ, алдымен өзі басқаны құрметтеп ардақтай біледі, көпшілікке өзінің әдептілігін көрсете біледі.

Балаларға сұрақтар қою арқылы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды қорытындылау, мақтап мадақтау.

Тексерілді
22.09.2021ж.

22.09.21ж. ( IV-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Добым, добым дөңгелек».

**Мақсаты:** Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру. Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйрету. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Әр түрлі, әр түсті доптар, тұзды қамыр, тақтайша, сүлгі.

Балалар сендер кілемінің үстінде отырып ойнағанды жақсы көресіңдер ме?

Кілемнің үстіне қарандаршы сендерді әдемі, дөп - дөңгелек доптар күтіп тұр. Сендермен ойнағымыз келеді дейді. Ал сендердің доппен ойнағыларың келеме?

Олай болса ең алдымен, топтың ішінде доппен қалай ойнау керек екендігі туралы ережені есімізге сақтап алайық.

Доппен ойнағанда қандай оқыс жағдайлар болуы мүмкін? (допты тым биікке лақтырсақ, жарықты сындырып аламыз, алысқа лақтырсақ терезеге тигізіп алуымыз мүмкін немесе басқа заттарды да құлатып алуымыз мүмкін) (бір - бірімізге дөңгелетіп, еденге соғып немес бір - біріміздің қолымызға лақтырамыз т. б.)

Енді доптарымыз біраз демалсын, кілемнің үстінде қалдырайық та үстелімізге келіп отырайықшы.

Мен сендерге бүгін тұзды қамыр арқылы доп жасауды үйреткім келеді. Сендер әрқайсында өз қолыңнан жасалған доп болғанын қалайсыңдар ма?

Олай болса мұқият болайық. Бізге ол үшін қандай құралдар қажет екен?(өзім жасау жолдарын көрсетемін)

1. Доптың көлемі мен түсін анықтаймыз. Сол доптың түсіне сәйкес тұзды қамырда таңдаймыз.
2. Тұзды қамырды жұмсартамыз
3. Екі алақанымыздың ортасына тұзды қамырды салып дөңгелетеміз
4. балаларға ауада осы іс - әрекеттерді орындатамын
5. Өз беттерімен жұмыс істейді (көмегімді қажет еткен балаға көмектесемін)

**Күтілетін нәтиже:** Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады. Түстерді ажырата біледі. Мүсіндей алады.

Текcерілді
29.09.2021ж
[signature]

29.09.2021ж. (V – апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас.
**Вариативтік компонент**: Әдептілік.
**Тақырыбы:**Әдепті бала- ақылды бала.
**Мақсаты:** Балаларға әдептілік жайлы мағлұмат беру. Әдепті болуға үйрету, ойлау қабілетін және шығармашылығын дамыту.Әдептілік әлеміне бару барысында балаларға әдепілік ұғымының мағынасын ашу.
Мақал-мәтел арқылы баланың есте сақтау қабілетін аттыру.
**Көрнекілігі:** Тақырыпқа байланысты суреттер, әдептілік туралы мақал- мәтелдер.
Дидактикалық ойын.

**Шаттық шеңбері**
Біз әдепті баламыз.
Айтқан тілді аламыз.
Үлкендерге жол беріп,
Біз ақылды боламыз!

Балалар бүгінгі өтетін тақырыбымыз «Әдепті бала- ақылды бала» деп аталады.

Әдептілік жайлы суреттер көрсету, әдептілік жайлы суреттер көрсету, әдептілік жайлы әңгіме айтып беру.

Балалар бүгінгі өтетін тақырыпқа байланысты мына суретке қараңдаршы мына бала атаға орын бермеді, онысы дұрыс па?
-жоқ дұрыс емес.
–Енді мына суретке назар салайықшы. Дүкеннен келе жатқан апаның сөмкесін мына бала көтеріп келе жатыр.

- Бұл ісі дұрыс па? Дұрыс айтасыңдар.Бұл бала әдепті бала екен: Біздің тобымыздағы барлық бала- әдепті бала, өйткені балабақшаға келетін балдырғандар ақылды, білімді, тәрбиелі болып қалыптасады.

Өскенде егемен еліміздің толыққанды азаматы боласыңдар.

Балалардың сабаққа белсенді қатысқандарын айтып, мақтау және қорытындылау.

Тексерілді
06.10.2021ж
[signature]

06.10.2021ж. (І-апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы**:Қатынас.
**Вариативтік компонент**:Әдептілік.
**Тақырыбы:**Сәлемдесу туралы.
**Мақсаты:**Балаларды құрбы- құрдастарымен, үлкендермен, балабақша үлкендерімен сәлемдесу.Ізеттілік туралы түсінік беру, құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

Балалар, біз сендермен қызықты да көңілді серуен жасаймыз. Топтың әр бұрышында әртүрлі кейіпкерлер бейнесіндегі балалар отырады. Балалар олардың қасына келіп: Сәлеметсіздерме, қош келдіңіздер біздің балабақшаға-деп, барлық қонақтарға барып сәлем береді. Ондағы отырған қонақтар:
- Армысыңдарма, балалар, өркендерің өссін,- деп балалар сәлемін алады.
– Рахмет, балалар жақсы келдік, бірақ кішкене шаршадық. Осындағы өнерлі балалармен танысып, серуен құруға келген едік.
– Онда мына қонақтарды жайлы жерге отырғызып, алдарына сусын қойып, сол кейіпкерлер туралы түрлі өлеңдер сайтып сусын береді. Қонақтар сусынды ішіп болған соң рахметін айтады. Үлкен рахмет, тілеулеріңді берсін. Өмір жастарың ұзақ болсын. Қонақтар балаларға сыйлықтарын тапсырады.
Балалар қонақтарды ауладан шығарып салып, «сау болыңыздар» деп қоштасады. Балаларға рахмет айтып, Е.Өтетілеуовтың әдепті балалар туралы өлеңін оқып беру.

Алдымыздан кезіккен
Көп таныстың көреміз.
Бәріне де ізетпен,
Біздер сәлем береміз.
Сәлеметсізбе, ағай деп,
Сәлеметсізбе, апай деп,
Есенсізбе,әжей деп,
Сәлеметпе, достар деп.

Сәлемдесу – ағайын мен туыстың, достарды, үлкен мен кішіні жақындату, адамның көңіл күйін білу, оған өз ниетіңді білдіру.

Міне балалар қандай ел, қандай ұлт болсын барлығы да бір-бірімен амандасып, жақсылық тілеп, көңіл- күй сыйлап жүреді екен.

Балаларды қорытындылау, мақтап мадақтау.

Тексерілді

13.10.2021ж. ( ІІ-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Жүзік».

**Мақсаты:** Балаларға зергерлік өнер туралы түсінік беру. Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық қиялдарын дамыту. Қазақтың салт-дәстүрлерін және үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Зергерлік бұйымдар, алқа, білезік, жүзік.

Балалар, жылдың неше мезгілі бар? Аптаның неше күні бар?

Балалар, біздер өткен іс-әрекетімізде нені мүсіндедік? Қане, бәріміз есімізге түсірейік.

Ал енді бүгін біздер жүзікті мүсіндейік және оны бояумен бояйық. Сонда мүсіндеген жүзігімізді әжемізге сыйлаймыз. Ал, мына жерде зергерлер бұйымы көп екен,сендер нені көріп тұрсыңдар? Бұны кімдер тағады?

Бұл жерді не деп атаймыз?

Дүкендегі заттарды кімдер сатады?

Балалар, сендерге не ұнады?

Алдымен, сендер қалай жасалу жолдарын түсініп алыңдар, әуелі қамырымызды жақсылап араластырып оны тұзға былғаймыз, сонда тұзға былғанған қамырымыз дайын болады. Енді одан жүзікті мүсіндейік, алақанымызды арасына салып жұмсартып алып, оны ұзынша етіп аламыз. Соны екі саусағымыздың ұшымен екеуін біріктіреміз. Сонда жүзігімізді мүсіндедік. Енді өзіміздің қалаған бояуымызбен бояймыз. Боямас бұрын қылқаламның ұшымен жұқалап бояймыз. Боялған соң қылқаламның ұшын жуып қоямыз, ал қолымызды шүберекпен сүртеміз.

Балалар, біздер не жасадық, зергерлер, шеберлер деген кімдер?

Олар не жасайды? Зергерлік бұйымдар сендерге ұнай ма?
Ойын : «Сақина» ойынымен аяқтау.
**Күтілетін нәтиже:** Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады. Түстерді ажырата біледі. Мүсіндей алады.

Тексерілді
[signature]

20.10.2021ж. (ІІІ- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы**: Қатынас.
**Вариативтік компонент**:Әдептілік.
**Тақырыбы**: Ізгілік сөздер.
**Мақсаты:**Балаларды күнделікті тұрмысына пайдаланатын ізгілік сөздерді пайдалана білуге үйрету.

Топқа дауласа ойыншыққа таласып екі бала келеді.
Балалар, мынау не шу?
Мынау менің ойыншығым маған бермей жатыр.
Балалар, мына екеуі тіпті бізбен сәлемдесуді де ұмытты ғой.Бұл жарамады.
Қане, бірінші бір – біріміздбен сәлемдесейік, сосын дауды шешеміз.

Сәлеметсіңдерме балалар.Үлкен апайлармен сәлеметсізбе деп амандасу керек. Үлкен ағалар мен аталармен «Ассалаумағалейкум ата» деп амандасамыз.Біздің атамыз сендердің әрқайсысыңа балабақшаға жаңа келгендеріңмен құттықтап жаңа ойыншықтар, кітаптар алып келіпті.Сендер тіпті уақыттарың жоқ.
Не деуіміз керек, кәне сәлемдесейік.Сыйлықты не деп барып алуымыз керек?

Біздің топтың балалары не деу керек екенін айтып береді «Рахмет ата» дейміз. Ойыншықтармен серуенге шыққан кезде ойнаймыз.

Ал, қазір ата әкелген кітапты оқып көрейікші, қандай қызық әңгімелер бар екен.
Балаларға «Не деу керек» өлеңін оқып беру.
Өлеңнің мазмұны бойынша ойын жүргізу.

Апаң сенің базардан,
Алма сатып әкелді.
Ең, үлкенін, жақсысын,
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек? Рахмет!

Балалар жүр көшеде,
Естіледі айқай – шу.
Сенде шықтың көршіңді,
Қағып кеттің байқамай.
Мұндайда не деу керек? Кешіріңіз!

Әжең сенің түскі асқа,
Қант- кәмпит салды мол,
Жұрттан бұрын ыдысқа,
Өз бетіңмен салдың қол,
Жөн еді не айтқаның? Рұқсат па?

Балалардың сабақтағы белсенділігін мақтап, мадақтау және сұрақ қою арқылы сабақты қорытындылау.

Тексерілді

**27.10.2021 (IV-апта)**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Алтын балық»

**Мақсаты:** Балаларға балық туралы жан-жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, алақан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпақтау, есу тәсілдерін жалғастыру. Мүсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бір-біріне біріктіруді дамыту. Саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Балықтардың суреттері, аквариум.

Жұмбақ жасыру:

Шаңқ-шұңқ еткен үні жоқ,
Сусыз оның күні жоқ
Жүріп кетсе соңында,
Қалып жатқан ізі жоқ. Бұл не? (Балық)

- Балалар, дұрыс шештіңдер. Бүгінгі мүсіндеу ерекше болмақ. Өйткені біз жай балық емес, ертегідегі біздің тілегімізді орындай алатын балықты мүсіндейміз. Ол үшін біз балықтар туралы жан-жақты мәлімет алайық.
- Балықтың аттарын білесіңдер ме?
- Балықтар қайда тіршілік етеді?

Жануарлар мен жәндіктер жерде және суда тіршілік етіп көбейсе, ал балықтар тек қана суда ғана тіршілік етіп көбейеді. Балықтардың 22000-нан астам түрі бар деп есептеледі.

1.Балықтың денесін жасау үшін тұзды қамырды алақанға салып, айналдыра отырып домалақ пішінге келтіру.
2.Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жаншу арқылы жалпақтау.
3.Қанатын есу.
4.Құйрығын есу, жалпақтау арқылы жасайды
5.Заттарды бір-біріне біріктіру.(денесіне қанаттарын, құйрығын өз қалаулары бойынша әсемдеу.
Заттарды бір-біріне біріктіруде, саусақ ептілігімен пішінді бұзбай таза, ұқыпты орындауға қадағалау.)

**Күтілетін нәтиже:** Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады. Түстерді ажырата біледі.

Тексерілді

03.11.2021ж. ( I – апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:** Қатынас
**Вариативтік компонент:** Әдептілік.
**Тақырыбы:** Мейірімділік.
**Мақсаты:** Мейірімділік дегеніміз не, кімдерді мейірімді деп атаймыз, мейірімділікті қаталдық, қатыгездік пен салыстыра отырып түсіндіру.

**Шаттық шеңбері**

Күннің көзі ашылсын,
Жерге шуақ шашылсын.
Құтты қонақ келгенде,
Төрімізге еніпті
Амандасу үлкенге,
Тәрбиенің басығой
Ал, қанекей бәріміз
«Сәлеметсіз бе» - дейміз.

Топта музыка ойнап тұрады. Сұрақ: Балалар осы музыкадан сендерде қандай сезім пайда болды?

Балалардың жауабынан соң балаларға музыка бойынша сурет салуды ұсыну. Суреттерін салып болған соң балалар әрқайсысы әңгімелер береді.

Балалар одан соң түрлі жағымды музыкалар тыңдап олар туралы айтып береді.

Балаларға рахмет айтып Е.Өтетілеуовтың әдепті балалар туралы өлеңін оқып беру.

Алдымыздан кезіккен,
Көп танысты көреміз,
Бәріне де ізетпен.
Біздер сәлем береміз.
Сәлеметсізбе ғай деп,
Сәлеметсізбе апай деп,
Есенсізбе әжей деп,
Сәлеметпе достар деп.

Балаларды сұраққа жауап беруге үйрету.
Суретке әңгіме құрап айтуға дағдыландыру.
Өлең шумақтарын айтқан кезде зейін қойып тыңдауға қалыптастыру. Әдепті болуға үйрету.
Қорытындылап балаларды мақтап марапаттау.

Тексерілді

10.11.2021ж. (ІІ-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Үйрек»

**Мақсаты:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Қиялдарын дамыту. Үйректі мүсіндей алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Үйректің суреті, мүсіні.

**Ғажайып сәті:** Есік тарсылы естіледі.

Топқа, қолында тұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді. Еркежан: Балалар Балалар, оның тұзды қамыр екенін айтады.

Тұзды қамырды жеуге болмайды.

Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын.

Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мүсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды.

Жұмыс соңында қолдарыңды сүлгімен сүрту керек.

Тұзды қамырды таратып береді. Үйректі көрсетіп, мүсіндеулерін сұрайды.

**Сергіту сәті:**

Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз.
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.
Қанат қағып ұшамыз,
Қарлығаштай самғаймыз.

Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды. Балалар өздерінің мүсіндерін Еркежанға беріп, үйректің мүсінін жасағандарын айтады.

Еркежан: Рахмет сендерге балалар, енді мен ермексаздың не үшін керек екенін білетін боламын. Сау болыңдар - деп кетеді.

**Күтілетін нәтиже :** Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады. Өз ойларын іске асыра алады.

17.11.2021ж. (ІІІ– апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Вариативтік компонент:** Әдептілік.

**Тақырыбы:** «Қонақта»

**Мақсаты:** Балаларға қонаққа бару, қонақта өзін ұстау, қонақты шығарып салу рәсімдері туралы түсінік беру.

Балаларға «Қонақта» деп айтылатын өлеңді оқып беру.

Көтереміз көңіл біз,
Ертегілер елінен.
Бүгін біздің тойымызға,
Олар түгел келіпті.
Қасқыр шаппай қойға,
Құшыпты Аю Елікті.
Барыс, Қоян, Түлкі
Қастықты енді білмесін!
Аю, Қабан, Кірпі
Қол ұстасып билесін!

Балалар, өлеңде қандай аңдардың аты аталады? Қонаққа кімдер келіпті? Олар туралы не білдіңдер? Бұл жердегі қонақ аңдар бір-бірімен достық қатынаста.Олар бір-бірімен жақсы таныс. Орман тұрғындары. Егер қонақтар бір –бірімен таныс болмаса, оларды бір – біріне таныстыру керек.

Балалар, сюжеттік – рольдік ойын ойнаймыз. Ол үшін түрлі орталықтар құруымыз керек. Қонақ иесі ақылды, үкі болып қонақ қабылдайды. Бір орталықта қонақтарға ән айтып берілсе, екінші орталықта түрлі ойында ойналады. Үшінші орталықта түрлі үстел үсті ойындары ойналады.Қонаққа келген балалар рахметін айтып, қонақта өте қызық болғанын айтып қоштасады.

Балаларға берілетін Алтын ақыл:

1. Қонақ келгенде ойыншықтарыңды, басқа керек заттарыңды әдемілеп жинастырып қой.
2. Қонақтарға не ұсынатыныңды жақсылап ойластырып оларға ұсынатын ойындар дайындап қой.
3. Қонақтар бір- бірін танымаса оларды бір-біріне таныстыруды ұмытпа. Балаларды қорытындылау, мақтап мадақтау.

Тексерілді
24.11.2021ж
[signature]

24.11.2021ж. (IV-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.
**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.
**Тақырыбы:** «Торғай»
**Мақсаты:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, үзу арқылы торғайды мүсіндей алуға үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
**Көрнекілік:** Торғайдың суреті.

Шаттық шеңбері:

Қане, қане тұрамыз.
Үлкен шеңбер құрамыз.
Біз бақытты балдырған
Біз көңілді балдырған
Ойыншықпен ойнаймыз.
Тату-тәтті боламыз.

Тәрбиеші: Балалар,мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын.

Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мүсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды.

Жұмыс соңында қолдарыңды сүлгімен сүрту керек.

Тұзды қамырды таратып береді. Торғайды көрсетіп, оны мүсіндеуді тапсырады.

**Сергіту сәті:**

Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз.
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.
Қанат қағып ұшамыз,
Қарлығаштай самғаймыз.

**Күтілетін нәтиже :** Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады. Мүсіндей алады. Өз ойларын іске асыра алады.

Тексерілді
09.12.2021

08.12.2021ж. (II-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.
**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.
**Тақырыбы:** Үй жануары «Қозы».

**Ғажайып сәті:** Есік тарсылы естіледі.Топқа, қуыршақ Айгерім кіреді.

- Сәлеметсіңдерме балалар?
- Сендерді аналарың қалай еркелетеді?

Балалар қызығушылық танытады.

- Сәлеметсізбе!
- Мені, анам құлыным- деп еркелетеді.
- Мені,ботам –деп еркелетеді.
- Көрдіңдер ме, балалар! Сендерді аналарың төрт түлік малдың атымен еркелетеді екен.
- Тағы қандай үй жануарларының атарымен еркелетеді?

«Төлін тап» ойыны.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Моп-момақан –өзі, сүп-сүйкімді –көзі, ол кім? (Қозы.)

Олай болса біз сендермен қозының мүсінін жасайық. Балалар қозының мүсінін жасауға кіріседі.

**Сергіту сәті:**

Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз.
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.
Қанат қағып ұшамыз,
Қарлығаштай самғаймыз.

**Күтілетін нәтиже :** Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады. Мүсіндей алады.

15.12.2021ж. ( III- апта Сәрсенбі)

Тексерілді
15.12.2021ж

**Білім беру саласы**:Қатынас.
**Вариативтік компонент:**Әдептілік.
**Тақырыбы**: Қонақ күтіп алу.
**Мақсаты:**Балаларға қонақты жақсы күтіп алып, оларға сыйлық беру, рәсімін ойын арқылы үйрету.Ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Қуыршақтармен қонақты сыйлау рәсімін ойнау.Қонаққа Қазыбектің үйіне екі жолдасы Сұлтан мен Алмас келді. Қазыбек балаларға кітаптарын көрсетіп, музыкалық аспапта ойнап берді. Одан соң балаларды асқа шақырып , тәтті торт пен жемістер берді. Осы кезде Қазыбектің мамасы қуыршақ театрын ойнауды ұсынады. Одан соң балалар қалаулары бойынша ойындар ойнайды.

Балаларға сұрақ қою:
Қазыбек қонақтарын қалай күтіп алды?
Қонақтар өздерін жақсы сезіне алды ма?
Қазыбек қандай бала?

Алтын ақыл:

1. Шақырылған қонақтардың көңілді отыруын қарастыру.
2. Қонаққа барарда сый-сиапатты да ұмытпа.
3. Үй иелерін көп күттіріп қойма, шақырылған уақытында бар, өзің де ұзақ отырып қалма.

-Балаларды қонақтарды қалай күтіп алу керектігін ақылмен айтып түсіндіру. Балалардың ақылдығына, тәртіпбіне, тәрбиелілігіне, әдептілігіне зейін қойып, балаларды қорытындылап мадақталады.

Тексерілді
22.12.2021ж.

22.12.2021ж. (IV-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.
**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.
**Тақырыбы:** «Шыршаға арналған ойыншықтар»

**Мақсаты:** Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін аңғара білуге үйрету. Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістерін ажырата білуге үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Зейін қойып тыңдай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Қыс мезгілінің суреттері. Шырша. Аққала.

**Қызықтыру сәті:**

Қонаққа Ақпан келеді.

Ақпанның балаларға арналған тапсырмалары бар.

Балалар Аяз ата Ақпаннан бізге хат беріп жіберіпті.

Бұл хатта былай деп жазылыпты.

Балалар сендер сыйлық алғанды жақсы көресіңдер ме?

Олай болса менің тапсырмаларымды орындаңдар.

Сұрақтар:

1. Қарды жеуге бола ма?
2. Қыста жылы киіну керек пе?
3. Мұзды жеуге бола ма?
4. Қыста жаңбыр жауа ма?
5. Қыста қар жауа ма?
6. Шанамен сырғанап ойнауға бола ма?

Шыршаның шамы жаңып шыршаның ойыншықтары тәттіге айналады.

-Тәрбиеші: Балаларды жартылай шеңбер бойымен отырғызып қыс мезгілі туралы әңгімелеседі.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Қыста қандай мереке болады?

-Шыршаны немен безендіреді? Балалар сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже :** Қыс мезгілі жайлы, қыста болатын өзгерістер жайлы біледі. Қыста қандай ойындар ойнауға болатыны жайлы, қардың қасиетімен танысады. Ойындарға белсене қатысады. Өз ойларын жеткізе алады. Тақпақтарды айтады. Ойындарға қатысады.

Тексерілді
29.12.2021ж.

29.12.2021ж. ( V- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы**:Қатынас.
**Вариативтік компонент**:Әдептілік.
**Тақырыбы:**Қонақтарды шығарып салу.
**Мақсаты:** Балалар бойына ізгілік қасиеттерін тәрбиелеу. Ізгілік сөздерін қолдана білуді үйрету.

Балаларға «Қонжық пен Торай» туралы мультфильмді көрсету.

-Балалар, мультфильмде не көрдіңдер? Олар не істеді? Олар ізетті қонақ бола алды ма? Қоян қонақтарын қалай шығарып салды?Неліктен олар ізетті қонақ емес? Олар өздерін тәртіпті ұстады емес пе? Дұрыс, олар қомағай қонақ болды,тіптен қоянның бар азығын ішіп-жеп кетті.Осы Қонжық пен Торайға ұқсайтын басқа кімдерді білесіңдер?

Естеріңе түсіріп көріңдерші.

Балалар қомағай бала туралы ертегіні айтып береді. Одан соң балаларға Е.Өтетілеуовтың «Алтын ақылдарын» қайталап айтқызу.

1.Қонақ келерде ойыншықтарыңды ,басқа керек заттарыңды әдемілеп жинастырып қой.

2.Қонақтарға не ұсынатыныңды жақсылап ойластырып,оларға ұсынатын ойындар дайындап қой.

3.Қонақтар бір-бірін танымаса оларды бір-біріне таныстыруды ұмытпа.

Балаларды қонақжайлылыққа тәрбиелеу.

Үлкен кісілермен амандасуға үйрету.

Бір-біріне деген қамқорлықтарына талдау жасап, қорытындылау.

Тексерілді
05.01.2022ж.

05.01.2022ж. (І- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас .
**Вариативтік компонент**: Әдептілік.
**Тақырыбы:**Қонаққа бару.
**Мақсаты**:Баланы өз қонағымен сыпайы сөйлесуге, күтіп қарсы ала-білу тәртібін үйрету.

Балалармен қонақ келген көрініс көру. Бір көріністе үй иесі қонақты қуана қарсы алады да, оны үйге кіргізіп, қонақ етіп күтіп алады.
Екінші көріністе үй иесі сізге кім керек? Кімге келдіңіз? Сіздікүтпеген едік дегендей рай көрсетіп қарсы алады. Қонақты қарсы алған соң, оның сырт киімін шешіп алып, оларды ыңғайлы жерге отырғызып, қонаққа сусын ұсыну керек.

Алтын ақыл: Қонақтар келер алдында үй ішін жақсылап тазалап, өзіңнің сәнді киіміңді дайындап қоюды ұмытпа.
Кейбір балалар қонағын дұрыс күте алмайды.
Мысалы былай болады:

Татпай қойды қонағым,
Капустадан көкпеңбек.
Түйіп маған қабағын ,
Қасқыр кетті өкпелеп.

Балаларға қонақ жайлы өлеңдер оқып беру.

Қонақ келсе тік тұрып,
Қарсы алатын халықпыз.
Ата-анамыз ұқтырып,
Қойған салтқа қанықпыз.
Кісі келсе тамаққа,
Етпен шәйін қамдаймыз.
Қымыз құйып қонаққа,
Әңгімесін тыңдаймыз.

Зейін қойып тыңдаған балаларды мақтап, марапаттау.

Тексерілді
12.01.2022 ж

12.01.2022ж. (ІІ-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.
**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.
**Тақырыбы:** «Мен, менің достарым жануарларым»

**Мақсаты:** Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы әңгімелеу. Туған өлкенің жануарларын қорғау. Сөздік қорларын молайту. Саусақ маторикаларын дамыту. Жануарларды қамқорлыққа алу сезімдерін тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Жануарлардың суреттері, муляждары.

**Ғажайып сәті:**

Тәрбиеші: - балаларға, сиқырлы дорбаны көрсетеді.
Дорбада жануарлардың муляждары жатыр екен.
Балалар, бұл не заттар?
Балалар оның жануарлар екенін айтады.

Оқу іс –әрекетін жабайы аңдар туралы суреттерді көрсетуден бастау.

Аю, қасқыр, түлкі, арыстан. Бұл, аюдың суреті.
Ормандағы аюдың
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық.
Аузымызға салайық.
Тәрбиеші балаларға жабайы аңдар туралы қысқаша әңгімелеп береді.Ақ аю мен қоңыр аюды көрсетеді. Ақ аю суға сүңгіп, балықтарды ұстап жейді.Қоңыр аю жеміс-жидектерді теріп жейді.Қыста аюлар ұйқыға кетеді.

Тәрбиеші:
- Ақ аю немен қоректенеді екен?
- Қоңыр аю немен қоректенеді?
- Қыс мезгілі келгенде аюлар не істейді?

Біз жануарлар жайлы көп мәліметтер алдық. Енді әркім өзіне ұнайтын жануардың мүсінін жасасын.

**Сергіту сәті:**

Ән салуға барамыз,
Досымызды табамыз.
Сәлемет пе! Міне, мен!
Доспын енді сенімен.

**Күтілетін нәтижесі:** Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы хабардар болады. Туған өлкенің жануарларын қорғауға үйренеді. Ойынға қатысады,тыңдай біледі, әңгімелейді.

Тексерілді
19.01.2022 ж.

19.01.2022ж. (ІІІ- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас .
**Вариативтік компонент:** Әдептілік.
**Тақырыбы:**Қонақ күтудегі дәстүрлер.
**Мақсаты:**Балалардың қонақ күту жайлы білімдерін тиянақтап, әдептілікке, адамгершілік қасиеттерге баулу. Тілдерін дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
**Керекті құралдар:** Желім, түрлі- түсті қағаздар, қайшы, қылқаламдар, таяқшалар, ақ және көк мата қиындылар.

Саз сүйемелдеуімен балалар топқа кіріп, жарты шеңбер болып тұрады. Сәлемдеседі. Ән «Қазақтың дәстүрлері- ай»

Балалар біз қандай ән тыңдадық?
Қазақтың дәстүрлері туралы.
Біз қандай дәстүрлерді білеміз?
Бесікке салу, ат қою, қырқынан шығару, тұсау кесу, сүндет той.

Осы дәстүрлердің, осы тойлардың ең құрметті, ең сыйлы адамдары, бұл кімдер?- Қонақтар!

Қазақта қонақ күтудің сан алуан түрлі себептері бар екен.Олар туралы не білеміз? Енді есімізге түсірейікші.Қонақтарды қалай қарсы алу керек? Сырттан келген қонаққа біріншіден; Қонақ келгенде өзінен –өзі орындалып жататын ережелер бар, енді осы жайлы айтсақ.

-Қонақ келгенде.
-Бұдан кейін.
-Қонаққа дастархан жаю.
-Дастархан басында.

Балалар «Қонақ кәде жасау» дегенді біз қалай түсінеміз?
Қонақ кәде жасау дегеніміз......
Сонымен балалар, қонақ күту жайлы біраз әңгімелесіп алдық, енді айтыңдаршы, қонақ келгенде үй иесі бірінші немен айналысады? Балаларға қонақ күту дәстүрлерін үйрету.Үлкендерді қалай сыйлау керектігін ұғынған балаларды мақтап, марапаттау.

Тексерілді
26.01.2022ж
[signature]

26.01.2022ж. (IV-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.
**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.
**Тақырыбы:** «Аққала»

**Мақсаты :** Үлгіге сүйене отырып, дайын пішіндерден бейнелерді мүсіндей білуге үйрету. Мүсіндеу техникасы дағдылары мен біліктерін дамыту.
Есік тарсылы естіледі.Топқа қуыршақ Айгерім келеді.Айгерімнің қолында суреттері бар. Балалар бұл суреттер не үшін керек екен деп, қызығушылық танытады.
Қуыршақ: Балалар әр мезгілдің өз қызықтары бар.Қыс мезгілінің қандай қызықтарын білесіңдер?
Балалар: Қыс мезгілінде Жаңа жыл мерекесі болады.Қыс мезгілінде қар атысып ойнауға, шаңғы тебуге, шанамен сырғанауға болады.
Мен сендерге бір жұмбақ жасырайын:
Оны қардан жасаймыз,
Мұрны оның сәбіз,
Қолында сыпырғыш,
Басына шелек кигіземіз.
Біледі оны барлық бала
Кім екен ол? (Аққала)
Дұрыс айтасыңдар, балалар, ол аққала екен.Олай болса барлығымыз бірігіп аққаланың мүсінін жасайық.
Тәрбиеші: Балаларға қалай жұмыс жасау керектігін айтады. Қауіпсіздік ережесін естеріне салады.Жұмыс соңында қолдарын сүлгімен сүртуді ұмытпау керектігі жайлы айтады.
**Сергіту сәті:**
Санайық жаңаша,
Бір,екі,үш!
Желбіре жалауша,
Бір,ек, үш!
Достықта-біздің күш.
Бір,екі,үш!
**Күтілетін нәтиже :** Үлгіге қарап, пішіндерден заттарды құрастыра білуге үйренеді. Тәрбиешінің айтқанын тыңдайдытапсырмасын орындайды.

Тексерілді
02.02.2022ж.
[signature]

02.02.2022ж. (І- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас .
**Вариативтік компонент**: Әдептілік.
**Тақырыбы**: Сыйлық беру рәсімі.
**Мақсаты:** Сыйлық дегенді қалай түсінеді. Сыйлықты қалай,кімдерге береді. Сыйлық қабылдап алу, қалай жүретіні туралы түсінік беру.

Балаларға Ә.Табылдиевтың «Не деп барып жеу керек» өлеңі бойынша инсценировка көрсету. Алманы алған бала недеу керек екен? Ойын сендерге кім ұнады, несімен?

Одан соң инсценировка көрсеткен балаларға рахмет айтып сыйлықтар тапсыру. Балалар алған сыйлықтарына қатты қуанып, рахмет айтады.

Жарайсыңдар, балалар барлықтарың алған сыйлықтарың үшін рахмет айтуды ұмытпадыңдар, өте жақсы сыйлық , сендерге ұнады ма?
Бұл сыйлық сендерге өте керек, далада ол ойыншықтармен ойнайсыңдар. Сыйлық тапсырғанда сол адамға керек затты табыс ету керек. Сыйлықтар туралы мына бір өлеңді тыңдаңдаршы.

Тікен-тікен катусқа,
Шар сыйлап бір шатысқан.
Жаңғалақтар жанында,
Бүлдіргені жақында.

Туылған күні тышқанға,
Қақпан тарту етіпті.
Ол зәресі ұшқаннан,
Дереу қашып кетіпті.

Жөн мұны білгенің,
Сыйлық деп бермеген.
Күшікке инені,
Түйеге түймені,
Аюға аймақты,
Шортанға қармақты.

Балалар өлең жолдарын мұқият тыңдап, өз ойларын айтады. Балаларды қорытындылау, мақтап мадақтау.

Тексерілді
09.02.2022ж
[signature]

09.02.2022ж. (ІІ-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Ұшақ».

**Мақсаты:** Көліктер жайлы білімдерін кеңейту. Саусақ маторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту.

**Көрнекілік:** Көліктердің суреті.

Шаттық шеңбері:

Табиғат біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Сіздерге сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

Әдептен біз озбаймыз,

Жадымызда ұстаймыз.

Жол тәртібін уйреніп,

Аман-есен жүреміз.

«Көліктер аялдамасы» ойыны. Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдап алады да, әр қайсысы өзінің тоқтайтын аялдамасын тауып ажырату.

Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма:Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріңдер.

Тәрбиеші: Өздеріңнің аналарыңның күнде дайындап жүрген нан ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударыңдар, мен қамырды қалай дайындайтынын көрсетемін. Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді болуы үшін оған кішкене шекер,тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр илейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз,одан соң көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып,нанды пісіреміз. Бұрын мүсіндеу сабағында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмысымыз тұзды қамырдан ұшақ кесіп дайындау.

**Сергіту сәті: «Көліктер-2»** мультфильмін тамашалау.

**Күтілетін нәтиже :** Көліктер түрлерімен таныс болады. Көліктер және олрдың аялдамалары жайлы түсініктері кеңейеді. Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Тексерілді
16.02.2022ж

16.02.2022ж. (III- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы**:Қатынас .
**Вариативтік компонент:** Әдептілік.
**Тақырыбы:**Сыпайылық туралы.
**Мақсаты:**Балаларды сыйластыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Сыпайы сөздерді қолдана білуге үйрету.

Балалар, бір ойын ойнаймыз. Ол ойын «Ғажайып сөздер» деп аталады.

**Ойын**:Балалар қол ұстасып, дөңгелек болып тұрады.Бір ойыншы ортаға шығады. Ортада сыртқа шығу үшін, ортадағы ойыншы дөңгелекте тұрған бір ойыншыны таңдап алып, оған сондай әдемі, жылы сөздер айту керек.
Ол сөздерге сенген ойыншы оны ортадан сыртқа шығарады. Егер ол бала оның сөзіне сенбесе, одан да сыпайы сөздерді келесі балаға айтып, дөңгелектен шығуға тырысады.
Ойынды екінші бала жалғастырады. Әрбір ойыншы екіге дейін ғана ойнайды.

**Келесі ойын**: «Сыпайылық қадамдары».

Тәрбиеші сұрақ қояды, балалар сыпайылыққа жататын қылыққа қол соғып, сыпайылыққа жатпайтын қылыққа қол соқпайды.

1. Үлкендер сөзін бөлген бала сыпайы ма?
2. Ойыншығын бөліспеген бала ше?
3. Үлкендерге сәлем бірінші болып беретін бала ше?
4. Кішкене балаларды жәбірлейтін бала ше?
5. Сөйлегенде сыпайы «мүмкін бе ?, кешіріңіз» деген сөздерді айталатын бала ше?

Сыпайлық туралы тақпақтар оқу.
Сұраққа дұрыс жауап берулерін.Тақпақтарды зейін қойып тыңдап талпынған балаларды қорытындылап, мақтап марапаттау және қорытындылау.

Тексерілді
23.02.2022ж.

23.02.2022ж. (IV-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Машина»

**Мақсаты:** Көліктер жайлы білімдерін кеңейту. Саусақ маторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Көліктердің суреті.

«Көліктер аялдамасы» ойыны. Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдап алады да, әр қайсысы өзінің тоқтайтын аялдамасын тауып ажырату.

Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма: Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріңдер.

Балалар: Біз тікұшақты таңдадық.Біз тік ұшақты таңдаған себебіміз…. Ол әуе жолдарымен ұшады.

Тәрбиеші: Өздеріңнің аналарыңның күнде дайындап жүрген нан ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударыңдар, мен қамырды қалай дайындайтынын көрсетемін. Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді болуы үшін оған кішкене шекер,тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр илейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз,одан соң көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып,нанды пісіреміз. Бұрын мүсіндеу сабағында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмысымыз тұзды қамырдан машина кесіп дайындау.

Алдымен ыдысқа 250-300 гр. Бидай ұнын салып, оған 150 гр.тұз, 3 ас қасық май, 240 гр. су қосып қамыр илеп,дайындап қойдым. Біз бүгін осы алдымыздағы дайын тұзды қамырды оқтаумен, қалыңдығы 0,5см етіп жаямыз да,оның бетіне кескішпен қалаған машина суретін салып кесеміз Ал, енді жұмысқа кірісейік. Балалар алжапқыштарын киіп, жұмыстарына кіріседі де, аяқтаған жұмысты пешке қойып кептіре береді. Дайын болғанша, бой сергітіп, мультфильм көреді.

**Сергіту сәті: «Көліктер-2»** мультфильмін тамашалау.

**Күтілетін нәтиже :** Көлік түрлерімен танысады. Әуеде ұшатын, жерде жүретін, суда жүзетін көлік түрлерін біледі. Жол жүру ережелерімен танысады. Мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындауға бейімделеді. Ұсақ қол моторикалары дамиды.

Тексерілді
02. 03. 2022ж
[signature]

02.03.2022ж. (І- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы**:Қатынас .
**Вариативтік компонент:** Әдептілік.
**Тақырыбы**: Сұлулық.
**Мақсаты:** Сұлулық, әдемі деген сөздерге түсінік беру.Сұлулық арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.

Балалармен жақсы мен жаман, әдемілік туралы әңгімелесу.

Жақсы деген не?
Жаман деген не?
Кім нені жақсы көреді?
Нені жаман көреміз?
Әдемі деген не?
Жақсыны көргенде не істегілерің келеді?
Жаманнан ше?
Жақсы, яғни әдеміге не жатады.
Әдемі деп нені айтамыз?

Музыка тыңдау.Түрлі музыка тыңдау.

Балалармен қандай музыка, музыка не туралы екенін айту. П.И. Чайковскийдің «Жыл мезгілдері» музыкасындағы табиғаттың сұлулығы туралы әңгімелесу.
Сұлу табиғат суретін салу. Сұлулықты әртүрлі заттарға теңеу.С.Есениннің «Аққайыңның сұлулығы», Абайдың «Жазғытұры» өлеңдерін оқу.

- Балалар, бұл әңгімеден, өлеңдерден не түсіндіңдер?
- Не туралы айтылған екен.
  Дұрыс айтасыңдар.

Балалар өлең жолдарын мұқият тыңдап, өз ойларын айтады. Балаларды қорытындылап мақтап, марапаттау.

Тексерілді
09.03.2022ж
[signature]

09.03.2022ж. (ІІ-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Анама арналған гүл»

**Мақсаты:** Балаларға аналар мерекесі туралы жалпы мағлұмат беру. Біздің еліміздегі аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы әңгімелеп беру. Өзінен үлкендерге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Сюжетті суреттер. Бейнетаспа.

**Ғажайып сәті: Сазды әуен естіледі.**

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін «Анаға сәлем» деген (Сөзі О.Иманалиевтікі, әні Е.Хасанғалиевтікі) тыңдаудан бастау.

-Бүгін біз іс-әрекетімізді аналарға арналған әнді тыңдаудан бастаймыз.
- Балалар, зер салып тыңдап отырыңдар.
- Балалар, кім ана туралы өлең, тақпақ біледі?
- Өмірдегі ең жақсы қандай сөз деп ойлайсыңдар?
- Аналар меркесі қай күн?
-Сендер аналарыңа қалай көмектесесіңдер?
- Аналардың еңбегін қалай бағалауға болады?

Балалар: Әннің авторы Е.Хасанғалиев атамыз. О.Иманғалиев жазды.
Балалар білетін тақпақтарын айтып береді.
Өмірдегі ең жақсы сөз – ана, мама! Ана-өмірдің гүлі.
Аналар мерекесі- 8-ші наурызда болады.
Үйді тазалаймыз, еден жуамыз, дастарханды әзірлеуге көмектесеміз.
Менің анам-жақсы адым.Ондай адам менде ғана бар. Аналарымызды жақсы көруіміз керек, оны ренжітуге болмайды.
Балалар, зейін қойып тыңдайды.
Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз.
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.

Балаларға аналарының мерекесіне арнап сыйлық жасауды ұсыну.
Тұзды қамырмен, бояуды таратып береді.
Балалар, бүгін біз қандай мереке туралы әңгімелестік?
Жақсы, аналарыңды құрметтеп, сыйлап жүріңдер.

**Күтілетін нәтиже:** Балалар аналар мерекесі туралы мағлұмат алады. Біздің еліміздегі аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы хабардар болады.

Тексерілді
18.03.2022ж

16.03.2022ж. (III- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы**:Қатынас .
**Вариативтік компонент**: Әдептілік.
**Тақырыбы:** Ас үстінде.
**Мақсаты:**Балаларға ас қабылдаудың тәртібі мен тазалық туралы ұғым беру. Тазалыққа тәрбиелеу.
**Сабақтың барысы:**Балалармен «Ресторан» ойынын ойнау.
Столды сәнді етіп дайындап қуыршақтарға тамақ қабылдау ережесін үйрету.

Балалаларды Қонжық, Жанат, Торғай, Тышқан, Түлкі кейпіне киіндіріп ойынды жүргізу.

Ойын барысында Жанаттан басқа жануарлар қолдарын жумай жидек жей бастайды. Балалар жануарлардың қалай тамақтанғандары жөнінде тәрбиешіге айтып береді.

-Кім өзін дастархан басында қалай ұстады ?
-Кім тәртіпсіз болды ?
-Қонжықты тәртіптілікке қалай тәрбиелейміз ? (Қонжық аю баласы.)

Әрекетін қарашы.
Жууға жоқ шамасы,
Бал деген де есеп пе?
Салды қолды кеспекке?
Жанат жегіш болғанмен,
Ережені сақтайды:
Қолға жеміс толғанмен,
Жумай, бірін татпайды.

Балалар: «Мен тамақ ішкенде, мен сөйлей білмеймін, естімеймін»- дегенді қалай түсінесіңдер? – Дұрыс: Көп сөйлемеу, күлмеукерек.Яғни Ермек аға ол туралы былай жазыпты.

Жаттап алайық: Тамақ ішер кезде енді.
Сөйлемейміз, күлмейміз.
Астан басқа өзгені,
Елемейміз, білмейміз!

1.Дастархан басына кешікпеген жөн.
2.Тамақ ішерде бәріне «ас дәмді болсын» деп тілек білдіру керек.
3.Ас алдында қолды жуу керек.
4.Ас үстінде көп сөйлеме.
5.Тамақ ішіп болған соң, қол аузыңды сүрт, алғыс айтуды ұмытпа.
Балалардың әдептілік сақтауын қорытындылап, балаларды мақтап мадақтау.

Тексерілді
30.03.2022ж

30.03.2022ж. (V-апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:** Қатынас.
**Вариативтік компонент:**Әдептілік.
**Тақырыбы:**Қайырымды бала.
**Мақсаты:** Өзгелерге көмектесу, мейірімділік, қайырымдылық туралы түсінік беру.

Гилашвилидің «Қайырымды бала» әңгімесін оқып беру.

Әңгіме бойынша сұрақтар:

1. Әңгіме не туралы?
2. Қайырымды бала қандай болады екен?

Сабақ тақырыбына мазмұндас өлең оқу.
Ойын:Балалардың қайырымдылығы туралы.
Балаларға түрлі картинкалар таратылып беріледі:

1. Көшеден өте алмаған үлкен кісі.
2. Шелектері ауыр аналар.
3. Жоғалған бала.
4. Ауруханадағы ауру.
5. Көзі көрмейтін кәрі кісі.

Балалар тәрбиешінің басқаруымен екі топқа бөлініп, көмек сұраушылар, екінші топ көмек берушілер болып ойнайды.
Мүсіндеу: Қайырымды қарлығаш мүсіні.
Сабақты қорытындылау.
Балалардың жұмытарын талдап, қорытындылап жақсы шыққан жұмыстарды мақтап, мадақтау.

Тексерілді
06.04.2022ж
[signature]

06.04 .2022ж. (І- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас .

**Вариативтік компонент:** Әдептілік.

**Тақырыбы:**Табиғатты қандай тәртіп бар?

**Мақсаты:**Балаларды табиғатта өздерін ұстау тәртібі мен таныстыру, экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

**Сабақтың барысы**: Балалар табиғатта экскурсияға шығады. Жолда балалар табиғаттағы тәртіп жазылған тақтаға кездеседі.

Онда мынадай ережелер жазылған:

1. Орман, тоғайда тек белгілі арнаулы жолдармен жүру.
2. Шуламау.
3. Ағаштар мен гүлдерді жұлмау.
4. Қоқыстарды тастамау.
5. Орман, тоғайда отты кез-келген жерге жақпау.

Балалар, біз тоғайға (қырға) серуенге келдік. Орман, тоғайда, қырда нелер өмір сүреді ?

Орман, тоғайды кімдердің үйі дейміз ?

Аққайың, емен, шырша, көк шөптің пайдасы туралы білесіңдер ме?

Дұрыс: қайың- ауаны сауықтырушы; шырша, қарағайшаң ауаны жұтып, таза ауа бөлінеді; емен, тал, басқа жеміс ағаштары – ауаны тазартып, салқындатады.

Құстар туралы не айтасыңдар ?

Балалар құстардың пайдасы туралы айтып береді.

Олар құрт-құмырсқалардан ағаштарды тазартады.

«Ағаштардың емшісі» деп атаймыз. Онда мына жазылған ережелерді орындауымыз керек екен.

1. «Өзорныңды тап».
2. «Үндемес».
3. «Жерге түскен гүлдер» мен жапырақтардан букет дайындайды.
4. «Тамақтан қалған қалдықтарын жинап алып, бір сөмкеге салып, арнаулы қоқысқа апарып салады.
5. «Отты жақпа» деген белгімен танысады.

Одан соң балалармен қимылды ойындар ойнап, балалар үйлеріне қайтады.

Ептілікпен жақсы ойнаған балаларды марапаттау.

Тексерілді
13.04.2022ж
[signature]

13.04.2022ж. (ІІ-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Қуыршаққа арналған моншақтар»

**Мақсаты:** Әшекей бұйымдары жайлы білім беру. Саусақ маторикаларын дамыту, тізбектей алуға үйрету.

**Көрнекілік:** Моншақтардың суреттері,тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Шаттық шеңбері: Балалар шеңбер бойымен тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Есік тарсылы естіледі.

Тәрбиеші: Балалар бұл кім болды екен?

Балалардың назарын есікке аударады.

Топқа хат келеді.

Хатта, бүгін қонжықтың туған күні екені жазылады.

Тәрбиеші: Балалар біз қонжықтың туған күніне сыйлық апарсақ қайтеді?

Тәрбиеші: Қонжыққа арнап моншақ жасауларын ұсынады.

Қауіпсіздік ережесімен таныстырады.

Тұзды қамырмен жұмыс жасағаннан кейін қолдарын сүлгімен сүртуді ұмытпауларын естеріне салады.

Тұзды қамыр таратылып беріледі.

Балалар тұзды қамырды екі алақанның ортасына салып, есу арқылы домалақтап моншақтарды жасайды

**Қозғалмалы ойын: «Моншақ»**

Жасаған моншақтарын қонжыққа апарып береді.

Қонжық балаларға рахмет айтады.

**Күтілетін нәтиже:** Тұзды қамырдан моншақ жасауға үйренеді, оны түрлі-түсті бояулармен бояйды. Тұзды қамырмен жұмыс жасай біледі. Екі алақанмен тұзды қамырды есе алады.

Тексерілді
20.04.2022ж
[signature]

20.04.2022ж. (ІІІ- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас .
**Вариативтік компонент**: Әдептілік.
**Тақырыбы:**Көшеден өту.
**Мақсаты**:Балардың есіне көше тәртібі ережелерін қалыптастыру. Ой өрісін дамыту.
**Көрнекіліктер:**Жан-жануарлар суреттері.

Балалар, мына суреттерде кімдер байнеленген ?
Ондағы ит, қарға басқа жан-жануарлар немен айналысуда ?
Осы беттегі суреттерге Ермек аға мынадай өлең жолдарын арнапты. Қане оқып көрейік. Тыңдағыларың келе ме?

Бүгін де, көше де
Дәл біздің көшеде
Көрдік бір ағаның,
Жүрісті реттеп,
Тұрғанын күзетті.

Таяғын: Жүр! Кідір!
Деп, нұсқап, сермейді.
Машина бірде-бір,
Оныңсыз жүрмейді.

Өлең не туралы ? – Дұрыс бағдаршам туралы.
Кім бағдаршамның қызметі туралы айтып береді ?
Бағдаршам не үшін қажет ?
Бағдаршамның бұйрығын орындамаған бала бар ма екен мына суреттерде ?- ия бар екен.
Ол Тұрабай деген бала ?
Көшеде балабаларға көмекші қызметін атқаратын тағыда біздің көмекшілеріміз бар. Ол мына суреттерде бейнеленген. Бұл белгілермен біз айналамен танысу сабағында танысқан болатынбыз.
Кім олар туралы айтып бере алады ?
Балалар көше тәртібін сақтауғаарналған бірнеше белгілер туралы айтып береді.

Алтын ақыл,
Әрқашанда абай бол!
Қызық жарық: Тоқта!
Сары жарық: Кідір!
Жасыл жарық: Алға бас !

Жолды үлкендермен бірге кесіп өткен дұрыс.
Жолда ешқашанда жүгіріп өтпе,
Өзің танымайтын, білмейтін жандардың машинасына отырма.

Балалардың тәртібі менептіліктерін қорытындылай келе мақтап, мадақтау.

Тексерілді
27.04.2022ж
[signature]

27.04.2022ж (IV-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Түймедақ»

**Мақсаты:** Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояу. Қылқаламмен бояуды пайдалана білуге үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тапсырманы тыңдап, соңына дейін орындай біліге тәрбиелеу.

**Ғажайып сәті:** Топқа көктем мезгілі келеді. Қолында гүлдері бар.

- Балалар, мен сендерге гүлдер әкелдім. Бұл гүлдердің қалай аталатынын сендерге айтып берейін.
  Гүлдердің аттарымен таныстырады.
- Мына гүл қалай аталады екен?

Осы түймедақтың мүсінін жасайық

Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. болмайды. Бір-біріне қарап сілтемеу керек.Жұмыс соңында қолымызды сүлгімен сүртеміз.

**Сергіту сәті:**

Тік ұста бойыңды,
Жоғары соз қолыңды.
Соз қолыңды тағы да,
Жеткіз жираф мойнына.

Тәрбиеші:

Балалар, біз қандай гүлдермен таныстық?
- Түймедақтың түсі қандай екен?
-Сендер қандай түсті пайдаландыңдар?
- Бұл гүлдерді бізге кім әкелді?

Балалар:

-Түймедақ, қазтаңдай т.б.
- Ақ екен.
-Қызыл, сары, көк, жасыл т.б.
- Балалар, Көктем мезгілінің әкелгенін айтады.

**Күтілетін нәтиже:** Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояуға үйрену. Зейін қойып тыңдай біледі. Сұрақтарға жауап береді.

Тексерілді
04.05.2022ж

04.05.2022ж. (І- апта Сәрсенбі)

18.05.2022ж. (ІІІ- апта Сәрсенбі)

**Білім беру саласы:**Қатынас .
**Вариативтік компонент:** Әдептілік.
**Тақырыбы:**Орманшы.
**Мақсаты:**Балаларды қоршаған ортаға, табиғатқа қамқоршы мейірімді болуға тәрбиелеу.
Қарағай туралы ертегі айтып беру.
Ертегінің мазмұны бойынша әңгіме:

1. Ертегі кім туралы ?
2. Кедей орманшы қандай ?
3. Кедей адамға мінездеме беріңдер.
4. Бай адам қандай қылық жасады ?
5. Кімді қарағай байлыққа кенелтті, неліктен ?
6. Ертегінің қай кейіпкері сендерге ұнады, несімен ұнады ?

Балалармен байқау, жарыс ойын:

Табиғаттағы заттардан ойыншық жасау.
Ескерту: Табиғат заттарын тек жерден теріп алу, сындырып үзіп, алып дайындаған ойыншықтар, заттар есептелмейді.

Балалар ертегіні мұқият тыңдап, өз ойларын айтады.

Балаларды қорытындылау, мақтап мадақтау.

Тексерілді
11.05.2022ж
[signature]

11.05.2022ж. (II-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Адам бейнесі»

**Мақсаты:** «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру.Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту.Адам бейнесін бейнелей алуға үйрету, саусақ маторикаларын дамыту. Адамгершілікке , өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Үнтаспа, ойыншық жүрекше, суреттер.

Сәлеметсіндер ме, балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын! Бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуын сезінейік. Енді бір-бірімізге жақсы сөздер айтайық.

Сен әдептісің.
Сен мейірімдісің.
Сен қамқорсың.
Сен аққөңілсің.
Сен шыншылсың.

Әңгіме құрастыру: «Өзіммен-өзім»

Туыс деп кімді айтамыз?

**Бес саусақ:**

Бас бармағым-атам,
үйдің данасы.
Балаң үйрек-әжем ошақ анасы,
Ортаң терек-әкем, отау панасы.
Шылдыр шүмек-шешем,шаңырақ ажары.
Титтай бөбек-мен, бәрінің базары.

**Ойын «Дүкен»**

Балалар сендерді дүкенге шақырамын. Бұл жай дүкен емес,сиқырлы дүкен.Әр қайсылырың, осы дүкенннен өз жақындарыңмен туыстарыңа бір нәрсе сатып алып,она не үшін алғандарың жайлы айтып бересіңдер. Мысалы: Мен сіңіліме жүрекше сатып алдым, себебі ол мейірімді болса екен деймін.

Енді балалар біз тұзды қамырдан адам бейнесін жасауды үйренейік.

Балалар тұзды қамырды алып адам бейнесін жасауға кіріседі.

**Сергіту сәті:**

Бас, иық, тізе, саусақ.
Бас,иық,тізе,саусақ.
Саусақ,саусақ,саусақ.(саусақ пен тарсылдату

**Күтілетін нәтижесі:** Туыстары» жайлы түсініктерін кеңейту. «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсінеді.

Тексерілді
25. 05. 2022ж

25.05.2022ж. (IV-апта)

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Вариативтік компонент:** Қол еңбегі.

**Тақырыбы:** «Гүлді алма ағашы»

**Мақсаты:** Көктем мезгілі жайлы білім беру. Көктемде қар еріп, алма ағаштары гүлдейтінін айту. Тұзды қамырмен бояуды пайдалана білулерін ары қарай дамыту. Саусақ маторикаларын дамыту.

Шаттық шеңбері:
Қане, қане тұрамыз.
Үлкен шеңбер құрамыз.
Біз бақытты балдырған
Біз көңілді балдырған
Ойыншықпен ойнаймыз.
Тату-тәтті боламыз

**Ғажайып сәті:** Балаларды киіндіріп ойын алаңына шығару. Ойын алаңында көктем мезгілінің ауа-райына, ағаштарға бақылау жасату.

- Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы далада, ауа-райы қандай екен?
- Күн жылынып, ағаштар бүршік атыпты.
- Біз бүгін гүлді алма ағашының мүсінін жасаймыз.

Қылқаламмен қалай қолдану керектігі жайлы айтады. Қауіпсіздік ережесі жайлы айтып кетеді.

**Сергіту сәті:**
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.
Қанат қағып ұшамыз,
Қарлығаштай самғаймыз.

Балалардың жасаған мүсіндерін бір-біріне көрсетіп, мақтау.Келесі жолы бұдан да әдемі жасауларын айту. Балалар өз мүсіндерін бір-біріне көрсетіп мақтанады. Кешке ата-аналарына көрсететіндерін айтады.

**Күтілетін нәтиже :** Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен танысады. Гүлді алма ағашының мүсінін жасауға үйренеді. Тұзды қамырмен мүсіндей алады. Қылқаламмен бояй біледі. ұстай біледі. Тапсырманы тыңдап, орындайды.